

ДКС  
Н.Я.С.



Мәдениет  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА  
КӨМЕК



7613

А. НҮРҚАТОВ

# ҒАСЫР ПЕРЗЕНТІ

ҚАЗАҚ ССР «БІЛІМ» ҚОҒАМЫ

---

АЛҚЫН НҰРҚАТОВ

# ҒАСЫР ПЕРЗЕНТІ

7613

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ

Алматы — 1965

«Мәдениет университетінің тыңдаушыларына көмек» атты серияда шығарылып отырған осы кітапша қазақ халқының абзал ұлдарының бірі Шокан Уәлихановқа арналған, онда Шокан жайында автордың көптен жыып, түйіп жүрген пікірлері берілген. Жас ғалым Айқын Нұрқатовтың бұл еңбегінен оқушылар көптеген пайдалы материалдар табатыны сөзсіз.

## *Айқын Нуркитов*

### СЫН ВЕКА

(на казахском языке)

Редактор *Р. Хайруллин*  
Худож. редактор *В. Ткаченко*  
Техн. редактор *Т. Поповиченко*  
Корректор *Р. Кереева*.

Сдано в набор 19/1 1965 г. Подписано к печати 12/III 1965 г.

Формат 70×90<sup>1</sup>/<sub>2</sub>—2,125×2,5 н. л. (2,4 уч.-изд. л.).

Тираж 2500 экз. УГ00458. Цена 6 коп.

Издательство «Қазақстан», г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

Заказ № 142. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

83



Халқымыздың өткендегі ұлы ойшылы, ұлттық мақтанышы Шоқан Уәлихановтың есімі аталғанда кемеңгер Абайдың мезгілсіз дүние салған, қыршынынан қиылған сүйікті баласы Әбдірахманға арнаған:

Құйрықты жұлдыз секілді  
Туды да, көп тұрмады.  
Көрген, білген өкінді,  
Мін тағар жан болмады,—

деп келетін шерлі сыры, жүрек-жарды арманы ойға түседі. Шығармаларының тұңғыш жинағына берілген алғы сөзде орыс достары да Шоқанды осы іспетті бағалаған болатын. Бірақ ғұмыр жасының соншалықты қысқа болғандығына қарамастан, ол ғылымның әралуан саласында өлмес-өшпес мол мұра қалдырды. Шоқанның филология, тарих, география, этнография саласындағы еңбектері мен зерттеулері сол кездегі шығысты тану ғылымына ғажайып үлес, тамаша қазна болып қосылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар то-

білімнің қисыныз көп еңбек сіңіруінің арқасында Шоқан мұрасының шын көлемі енді-енді ғана ашықталып отыр. Ол қалың-қалың бес том болмақ. Шоқанның небәрі отыз жыл ғана өмір сүргенін еске алсақ, бұған тек қайран қалуға, танырқауға ғана тура келеді. Өйткені, осынша аз уақытта осынша мол еңбекті жазбақ түгіл, жай көшіріп шығудың өзі ілуде біреудің-ақ қолынан келер. Ал Шоқан сол еңбектерін небір қиын жағдайларда, тіпті басын қатерге тігіп жүріп жазған болатын.

Қазақ халқының өткен ғасырдағы қоғамдық ойының тарихында Шоқан Шыңғысұлы Мәліхановтың алатын орны ерекше. Өз халқының тұңғыш ғалымы, әрі ағартушысы болған Шоқан оның тарихи болашағын, прогреске, жарыққа ұмтылар жолын да асқан көрегендікпен тұңғыш рет болжай алды. Ол өз елін орыс халқымен достасуға, оның озық өнері мен нәрлі мәдениетінен өнеге алуға бастады. Оның ағартушылық, әлеуметтік қызметінің тарихи құндылығы да ең алдымен осында.

Шоқан өмір сүріп, қызмет еткен жылдар қазақ халқының тарихындағы елеулі кезеңдердің бірі еді. Бұл кезеңде, яғни өткен ғасырдың қырқыншы-алпысыншы жылдарында Қазақстан Россияның қойнауына, ондағы қоғамдық даму арнасына барған сайын мол тартылып, қазақ сахрасына орыстың озық ойының әсері кеңірек тарай бастаған болатын. Бұл, әрине, қазақ халқының қоғамдық ойында жаңа бағыттың өріс алуына, нағыз халық ақын, жазушылары мен ойшылдарының тууына ықпал етпей қойған жоқ. Шоқан — солардың ең алғашқы өкілі, бастаушысы.

Шоқан 1835 жылы ноябрьде Құсмұрын деген жерде туған. Оның атасы Уәли Россиямен жақсы қарым-қатынаста болған. Ал болашақ ғалымның өз әкесі — Шыңғыс орыс мектебінде оқып білім алады. Сибирь әскери училищесін бітіргеннен кейін ол полковник атағын алып, Құсмұрын округына аға сұлтан болады. Шоканның алған тәрбиесіне, болашағына мұның көп әсері тиеді.

Өзінің балалық шағын Шоқан Көкшетау өлкесінің аса көркем жерлерінің бірі — атақты Сырымбет тауының баурында өткізеді. Сақталып жеткен естеліктерге қарағанда Шоқан бала кезінің өзінде-ақ мейлінше алғыр, зирек ойлы болады. Шығыстың бірнеше халықтарының тілін білген, көзі ашық білімді кісі болған әжесі Айғаным да немересінің тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Халықтың ауыз әдебиетінің небір асыл қазыналарын, ертегі-аңыздары мен жыр-дастандарын Шоқан бала күнінде сол әжесінен естіп тыңдайды. Ауылда оқып, мұсылманша хат таныған Шоқан өзінің сол естігендерін қағаз бетіне түсіріп, жазып алумен де әуестене бастайды. Ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры мен «Ер Көкше» дастанының кейбір варианттарын жазып алады.

Шоканның жас кезінде аса ұнатқан өнерінің бірі — құс салып, саятшылық құру болады. Сөйтіп, Шоқан туған сахрасын сүйіп те, оның жақсы әдет-ғұрыптарын, әралуан өнерін біліп те өседі.

Шыңғыс талапты да ұғымтал, сергек ойлы баласына орысша білім беруді көздейді. Осы мақсатпен ол 1847 жылы Шоканды Омскідегі

кадет корпусына оқуға береді. Ол сол кездегі Сибирьдің ең таңдаулы оқу орны саналатын еді. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы география, Россия географиясы, жалпы тарих, Россия тарихы, батыс және орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шет ел тілдері оқытылады.

Кадет корпусына түскен кезде орыс тілін білмесе де, тумысынан өте қабілетті Шоқан оқуға тез жаттығып кетеді. Ол сабақты мейлінше жақсы оқитын болады. Шоқанның мектептес жолдасы әрі досы Г. Н. Потанин осы жәйді еске түсіре келіп, кейін былай деп жазды: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді:... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін»<sup>1</sup>.

Шоқан әдебиет пен географияны, сондай-ақ Шығыс халықтарының тілдерін әсіресе үздік оқиды. Жас Шоқанның білімі тереңдеп, ой-өрісі кеңеюіне кадеттің озық пікірлі, прогресшіл идеядағы кейбір оқытушыларының да ықпалы аз болмайды. Оған орыс тілі мен орыс әдебиеті тарихының оқытушысы Н. Ф. Костылецкий әсіресе күшті әсер етеді. Қазан университетінің шығыс факультетін бітірген ол орыс әдебиетінің тарихынан оқыған лекцияларын данышпан сыншы Белинскийдің әдеби-сын мақалаларына негіздеп құратын болған.

Г. Н. Потаниннің мәліметтеріне қарағанда, Н. Ф. Костылецкий өзінің досы, Петербург университетінің профессоры, Шығысты зерттеуші

---

<sup>1</sup> Г. Н. Потанин. Записки русского географического общества. т. XXIX стр. 6.



тюрколог И. Н. Березинге қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, оның ішінде Шоқанға жаздырып алған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын берген. Ауылда болған шақтарында Шоқанның халық әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алуға дағдылануына оның көп септігі тиген.

Тарих пәнінің мұғалімі Гонсевскиймен де Шоқан жақын қарым-қатынаста болады. Шоқанды мейлінше жақсы көрген Гонсевский оны әр елдің тарихымен, азаттық жолындағы қозғалыстардың жәйімен таныстырады. Осы оқытушыларының әсерімен Шоқан орыстың революцияшыл-демократтарының озық көзқарастарымен беріле шұғылданып, «Современник» журналын үзбей оқып тұратын болады.

Қорпустың екінші класына көшкеннен кейін-ақ Шоқан орыс әдебиетінің классиктерін, әсіресе Пушкин мен Гогольді, Белинский мен Герценді тереңдеп әрі сүйсіне оқиды. Ал батыс европалық авторлардан: Руссо, Карлейль, Диккенс, Теккерейді құмарта оқығандығын, өйткені юмористік қасиеті күшті Шоқанға бұл авторлар әсіресе ұнағандығын оның досы Н. М. Ядринцев өзінің естелігінде атап көрсетеді.

Сырымбетке демалысқа барған кездерінде Шоқан саятшылық құрумен бірге сурет салумен де шұғылданады. Ол өз аулы тұрған жердің табиғатын, тау көріністерін салады және 1847—1852 жылдарда салған нәрселеріне «Қорпустаң елге, отпускіге барғанда язмыш суреттер» деген ат береді.

Кадет корпусында оқып жүргенде Шоқан сол корпусың оқушысы, болашақ этнограф —

тағлым Григорий Потанинмен достасады. Потанинше Шоқан қазақ халқының этнографиясы, шаруашылық кәсібі, әдебиеті жайында әңгімелер айтып беріп жүреді. Олардың болашақ туралы армандары мен тілектері де қабысады. «Сол уақыттан бастап біз дос болып алдық,— деп жазады Потанин өзінің Шоқанмен корпус-та бірге оқыған кездерін еске алып,— біздің ақыл-ой мүдделеріміз де ажырасқан жоқ, біздің екеуімізді де бір ғана нәрсе — қазақ даласы мен Орта Азия қызықтыратын»<sup>1</sup>.

Шоқан саяхатшы болуды да арман етеді. Ол батыс және орыс жиһанкездерінің шығармаларын, шығысты зерттеуге байланысты еңбектерді қатты ұнатып оқиды.

Потаниннің естеліктерінде Шоқанның тәрбие алып, тағлым көрген ұстаздары, оның демократтық көзқарастарының қалыптасуы, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы, өз халқын терең сүйген қалтқысыз патриотизмі жайында да көптеген деректер бар.

Шоқанның мінезінде Пушкин мен Лермонтов мінездерінің ұқсас көп сипаттары бар еді дейді Потанин. Оның айтуынша Шоқан ащы ажуаға жүйрік, тіліп түсетін өткір және достарына мейрімді де ақ жарқын болған.

1853 жылы 18 жасында Шоқан кадет корпусын бітіріп шығады. Корпусты бітірген оған офицер атағы беріліп, әскери қызметке қалдырылады. Ерекше қабілетті әрі Қазақстан мен Орта Азияның жайын жақсы білетін Шоқан кейін Батыс Сибирьді және Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын басқарған генерал

---

<sup>1</sup> Г. Н. Потанин. Записки русского географического общества. т. XXIX, стр. 16.

Гасфордтың адъютанты болып тағайындалады. Қызметін атқара жүріп, Шоқан өзінің білімін тереңдете түседі. Ол Орта Азия халықтарының тарихын, географиясы мен этнографиясын зерттеумен беріле шұғылданады.

Шоқан 1855 жылы Орталық Қазақстанда, Жетісу мен Тарбағатайда болады. Ол қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы және ескі діни нанымдары жайында материалдар жинап қайтады.

1856 жылы полковник Хоментовскиймен бірге Шоқан қырғыз еліне барады. Олардың бұл саяхатының мақсаты — Россияға қосылған қырғыз елінің тарихы, географиялық жағдайлары туралы мәлімет жинау, қырғыз жерін картаға түсіру болатын. Шоқан қырғыз халқының және Ұлы жүз қазақтарының этнографиясына көп көңіл бөледі, олардың ауыз әдебиетінің нұсқаларын, аңыз-әңгімелерін, ертегі-жырларын жазып алады. Осы сапарда жинаған материалдарының негізінде Шоқан кейін «Қырғыздар туралы», «Жоңғария очерктері» атты еңбектерін жазады.

Бұл сапарының бірсыпыра жерінде Шоқан орыстың атақты саяхатшы-ғалымы П. П. Семенов-Тян-Шанскиймен бірге болады. Шоқанның ғылыми қызметіне мұның жақсы әсері тиеді. Орыс ғалымы Шоқанның ерекше қабілеттілігін, білімдарлығын аса жоғары бағалап, оның Петербургқа бару талабын және Орта Азия мен Батыс Қытайға саяхат жасау ойын қоспайды.

Омск қаласында Шоқанмен алғаш танысқанын еске ала келіп, П. П. Семенов-Тян-Шанский кейін былай деп жазды: «...Омскіде мені

әсіресе қызықтырған бір адам Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды... Аса үздік қабілет-дарынның иесі Уәлиханов Омск кадет корпусы өте жақсы бітіріп шықты, ал кейін Петербургта менің ықпалыммен университетте лекциялар тыңдады және француз, неміс тілдерін соншалықты жақсы игеріп алды, шығыс тарихы, әсіресе қазақтармен бір тайпалас халықтардың тарихы бойыша тамаша білгір болып шықты»<sup>1</sup>.

Ыстықкөлге барып қайтқан сапарынан кейін Шоқан 1856 жылғы август айының бас кезінде Құлжа қаласына жіберіледі. Бұл ресми сапарында ол үш ай шамасында жүріп қайтады. Құлжада болған кезінде Шоқан қытайлардың, ұйғырлардың, дунгандардың, жоңғарлардың тарихымен, этнографиясымен танысады.

Шоқанның Ыстықкөлге және Құлжаға сапары, оның сол өлкелерді мекендеген халықтардың тарихы, географиясы және филология жайында жинап қайтқан материалдары мен зерттеулері оқымыстылар қауымының назарын бірден аударды. П. П. Семенов-Тян-Шанский мен В. И. Ламанскийдің ұсынысы бойынша 1857 жылы 27 февральда Шоқан Орыстың географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады. Бұл — жас ғалымның тамаша еңбегінің лайықты бағаланып, шын мәнісінде танылуы еді.

1857 жылы декабрь айында Шоқан қырғыз еліне тағы да сапар шегеді. Оған бұл жолы көршілес Батыс Қытайда болып жатқан оқиға-

---

<sup>1</sup> П. П. Семенов-Тян-Шанский. Мемуары, т. II, М. 1946, стр. 53—54.

лар мен өзгерістерді, саяси халді барлап, байқап қайту міндеті тапсырылады. Бұл сапар шынтуайттап келгенде оның Қашқарияға баратын экспедициясына дайындық еді. Осы жолы Шоқан қырғыз халқының өмірімен, ауыз әдебиетімен әсіресе терең танысады. Ол көптеген тарихи-этнографиялық материалдар жинайды. «Мен үйсіндер мен қырғыздардың халық әдебиеті ескерткіштерін, тарихи деректерін, статистикалық мағлұматтарын, этнографиялық очерктерін бірнеше дәптер етіп жазып алдым»<sup>1</sup>,— деп жазды Шоқанның өзі.

Қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» жайына да ғалым осы сапарда тұңғыш рет назар аударады. Шоқан «Манастың» үзінділерін қағаз бетіне түсіріп, оған талдау жасайды және эпостың «Көкөтай ханның өлімі және оған берілген ас» деген тарауын орыс тіліне аударады.

Шоқан 1858—1859 жылдарда өзінің Қашқарияға барған атақты саяхатын жасады. Италияның атақты саяхатшысы Марко Поло мен португалдық незуит Геостен кейін бұл өлкеге келген — Шоқан еді. Ал Қашқарияға Шоқаннан бір жыл бұрын келген немістің ғалымы, белгілі географы Адольф Шлагинтвейт қаза тапқан болатын. Өйткені ол кезде Қашқарияға өту европалық адамдар, зерттеушілер үшін өте қауіпті болатын. Шығыс Түркстанды мекендеген жергілікті халықтардың наразылығынан туған әралуан қарсылықтар мен көтерілістерге байланысты саяси жағдай шиеленісіп, сенімсіз адамдарды қатал жазалау әсіресе асқындап

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904, стр. 72.

кеткен еді. Сондықтан да ежелгі мәдениеті бар әрі ғылым үшін тылсым жәйттерге толы, жұмбақ болып келген бұл елге Шоқан сауда керуенімен бірге жасырын атпен барды.

Қашқарда Шоқан алты айға тарта уақыт бойы болады. Осы уақыттың ішінде ол Қашқарияның географиялық жағдайларын, тарихын, этнографиясын зерттеді және сол елдің экономикасы мен саяси құрылысы жайында көптеген материалдар жинады. Кейін сол материалдарының негізінде Шоқан өзінің «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жәйі» деген атақты еңбегін жазды.

Сол кездегі Европаға беймағлұм дерлік осы елді мекендеген халықтардың тарихы мен географиясына, әлеуметтік-қоғамдық құрылысына арналған бұл еңбек ғылымға баға жетпес үлес болып қосылды.

Қашқарияға барып қайтқан сапарында Шоқан Шығысқа байланысты сирек кездесетін бірсыпыра қолжазбалар да әкелді. Олардың ішінде: «Тазкирян Султан Сутук Бугра-хан» («Султан Сутук Бугра-ханның тарихы»), «Тазкирян Ходжагян» («Қожалар тарихы»), «Абумуслим Маурузи» және тағы басқалар бар. Замандастары Шоқанның жоғарыдағы еңбегін «нағыз географиялық ашылыс» ретінде бағалады, ал оның жат елге жасаған жасырын сапарын шын мәнісіндегі ерлік деп санады.

1859 жылы күзде Шоқан Петербургқа барады. Жақын достары мен жолдастарының естеліктеріне және өзінің кейінірек жазған хаттарына қарағанда астанада өткізген жылда:

ры — Шоқанның өміріндегі аса бір елеулі кезең болады.

Шоқанның Петербургта өткізген кезін еске ала келіп Н. М. Ядрищев былай деп жазады: «60-жылдарда Уәлиханов орыс өмірінің бет-алысын, оның жаңаруын бақылап отырды. Ол таңдаулы журналдарды үзбей оқыды»<sup>1</sup>.

Ол уақытта, яғни Шоқан барған кезде Петербург 1861 жылғы реформаның қарсаңында еді. Бұл кезде шаруалар мен помещиктердің арасында қатты күрес жүріп жатты. Чернышевский басқарған демократтық бағыттағы революционерлер шаруалардың ой-тілегін білдірді. Чернышевский, Добролюбов және Некрасовтың басқаруымен шығып тұрған «Современник» журналында елдің саяси өміріне арналған, халық мүддесін қорғаған мақалалар жиі-жиі жарияланып тұрды. Олар патша үкіметінің саясатын қолдаған, помещиктермен ымыраға келуге тырысқан жазушылардың, интеллигенттердің барлығымен де аяусыз күресті және өздерінің мақалаларында халықты өз күшіне сенуге үндеді, шаруаларды езуші тапқа қарсы революциялық күреске шақырды. Міне осы жағдайлардың барлығы Шоқанға әсер етпей қоймады. Потаниннің айтуына қарағанда Петербургта болған кезінде Шоқан астанада оқитын сибирьлік студенттерге, өзінің жерлестеріне арнап кештер өткізіп тұрады. Оларға Сибирь мен Қазақстанды мекендеген халықтардың аянышты, ауыр тұрмысы жайында, әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік жайында айтатын болған.

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904. стр. 37.

Астанада Шоқан ғылыми жұмыстармен де шұғылданады. Ол географиялық қоғамның ғылыми зерттеу жұмысына да белсене араласты. Бұл кезде Шоқан өзінің жеке ғылыми еңбектерін баспаға дайындайды («Жоңғария очерктері», «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жәйі», т. б.) және энциклопедиялық сөздік жасауға қатысады. Сондай-ақ, уақытының біразын Шоқан университетке барып лекциялар тындауға, шетел тілдерін тереңдеп үйренуге, Шығыс халықтарының тарихы жайында шетел тілдерінде жазылған кітаптарды оқуға арнайды.

Шоқан астанада болған кезінде өзінің бұрынғы достары П. П. Семенов-Тянь-Шанскиймен, атақты жазушы Ф. М. Достоевскиймен кездеседі және жаңадан көптеген ірі-ірі ғалымдармен, әдебиетшілермен танысады. Олардың ішінде шығысты зерттеуші ғалымдар: Березин, Қазембек, Васильев, ал ақындар: А. Майков, М. Курочкин, Я. Полонский және басқалар бар. Сөйтіп, Шоқан астананың ғылыми және әдеби өмірінің қайнаған ортасында болады.

Петербургта болуы Шоқанның өз білімін жан-жақты тереңдетуіне, Россияның саяси-әлеуметтік өмірімен жете танысуына мол мүмкіндік берді. Оның демократтық көзқарастары да бұрынғыдан әлдеқайда айқындалып, берік қалыптасты, нығая түсті.

Шоқан Петербургта бір жарым жыл шамасындай ғана болды. Өйткені, кадет корпусында оқып жүрген кезінде пайда болған өкпе ауруы күшейіп кеткендіктен, дәрігерлер оның Петербургтан тез кетуін талап етеді. Сөйтіп, 1861



жылдың көктемінде Шоқан астанамен амалсыз кош айтысып, туып-өскен сахрасына қайтып оралады.

Петербургтан қайтып келгеннен кейін Шоқан Сырымбет тауының баурындағы өз аулында тынығып, денсаулығын түземек болады. Шоқан ауылда да уақытын босқа өткізбейді. Ол қазақтың ертегілері мен аңыздарын жинайды, импровизатор-ақындардың жырларын тыңдайды.

Шоқан Петербурттағы достарымен де хат жазысып тұрады. Осы жылдарда Шоканның Достоевскийге, Майковқа және басқаларға жазған хаттарынан оның ауылдағы ғылыми қызметінің әралуан қыры, саяси мақсаты, әлеуметтік көзқарастары анық аңғарылады.

Сахараны жайлаған әлеуметтік теңсіздіктер, қаналушы таптың азапқа толы шерлі өмірі, бай-феодалдардың зұлымдығы мен тағылығы Шоканды қатты қынжылтып тебірентеді. Шоқан Петербургқа тағы да бармақ болады. Бірақ денсаулығы түзелмегеннен кейін ол ауылдан ұзап ешқайда шыға алмайды.

1862 жылы Шоканның Атбасарға аға сұлтан болғысы келеді. Ондағы ойын ол сол жылы 15 октябрьде Ф. М. Достоевскийге жазған хатында ашық айтады: «Мен өз отандастарымның кәдесіне жарап, оларды чиновниктерден және қазақ байларының қыспағынан қорғау үшін сұлтан болуды ойладым»<sup>1</sup>. Бірақ Шоқан аға сұлтан бола алмай қалады. Өйткені, онымен аға сұлтандыққа таласқан байлар Омск

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 562.*

қаласындағы билеп-төстеуші патшалық ұлықтарға пара беріп, Шоқанды ақыры сайлатпай қояды.

Алайда, қанша ауыртпалықтарға кездесе де, қиыншылықтарға төзген Шоқан ғылыми жұмысын тоқтатпайды. Ол қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинайды және «Бағы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары», «Қазақтың шежіресі», тағы басқа еңбектерін, мақалаларын жазады.

1862 жылы 6 декабрьде А. Н. Майковқа жолдаған хатында Шоқан «Санкт-Петербургские ведомости» және «Отечественные записки» журналдарына тілші болғысы келетінін айтады және былай деп жазады: «Отечественные записки» орыс ертегілерімен ұқсас қазақ ертегілерін, қазақ арасындағы бақсылық туралы менің зерттеулерімді және алтынордалық батырлардың жәйін баяндайтын, сол орданың тарихына жаңа көзқарас танытатын әрі орданың құлау себептерін ашып беретін қазақ жырларын (ортағасырлық) баса алар ма екен. Соны білуге болмас па?»<sup>1</sup>. Сөйтіп, ауылда болған уақытында да Шоқан ғылыми-зерттеушілік жұмыспен толассыз шұғылданады.

Шоқан 1863 жылы Омскіге келеді. Ол 1864 жылдың қысын да сонда өткізеді. Генерал-губернатор Дюгамель Шоқанға сол кезде Сибирь, казактары үшін сот реформасын жүргізуге дайындық жасап жатқан комиссияға көмектесуді тапсырады. Бірақ Шоқан бұл атал-

---

<sup>1</sup> *Шоқан Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 569.*

ған комиссияның жобасына қосылмай, өз жобасын ұсынады. Өзінің негізгі ойларын ол «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінде кеңінен тұжырымдайды.

Бұл кезде Шоқанның ауруы асқына түседі. Бірақ ол ғылыми жұмысын бәсеңдетпейді. Енді ол қазақ ауылдарының мал жайылымдық жерді дұрыс бөлісіп алуы мәселесімен шұғылданады. Осы мақсатпен «Қазақтың көші-қоны» деген мақаласын жазады.

1864 жылы март айында генерал Черняевтің шақыруымен Шоқан Әулие атаға келеді. Болашақты көрегендікпен болжай білген Шоқан Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Россияға қосылуын жақтады. Оның Черняев отрядына қосылуының негізгі бір сыры осында еді. Бірақ патша генералының озбырлық әрекеттері, қарапайым халыққа зорлық-зомбылық жасап, қан төгіске баруы Шоқанды түңілтеді. Осыдан кейін ол Черняевтан қол үзіп, 1864 жылы июльде Верный қаласына келеді. Бұдан кейін ол албан руының сұлтаны Тезек төренің аулына барады. Шоқан Тезектің қарындасына үйленіп, сонда тұрып қалады.

Тезектің аулында болған шақта ол Ұлы жүз қазақтарын билеудегі кемшіліктерді көрсетіп, ондағы басшылық жұмысын қайтадан құруды талап етеді. Сонымен бірге Шоқан Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеумен шұғылданады және Батыс Қытайда болып жатқан оқиғаларға назар аударып отырады, Петербургпен байланыс жасайды. Мұны оның Қ. К. Гутковский мен генерал Колпаковскийге жазған хаттары анық көрсетеді.

Сөйтiп жүргенде Шоқанның ескi ауруы асқынып, уақыт озған сайын меңдей бередi. Ақыры 1865 жылдың апрелiнде Тезектiң ауылында Шоқан дүние салады. Оның сүйегi Алтын-Емел тауының бауырына қойылады.

\* \* \*

Шоқанның ғылми еңбектерiнiң тұңғыш жарық көре бастауы — бұдан бiр ғасырдай уақыт бұрын. Ғалымның «Жоңғария очерктерi», «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-ну провинциясының (Кiшi Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жайы», «Уәлихан-төре көтерiлiсiнiң эпизоды» атты еңбектерi және басқа да кейбiр мақалалары Орыстың императорлық Географиялық қоғамы жазбаларының 1861 жылы шыққан кiтаптарында жарияланады. Ал «Аблай» атты мақаласы орыс ғалымдары мен әдебиетшiлерi құрастырған «Энциклопедиялық сөздiкте» басылады. Сондай-ақ, оның еңбектерiнiң кейбiрi 1865 жылы Лондонда ағылшын тiлiнде басылып шығады.

Ғалымның басты-басты еңбектерi мен шығармаларының негiзгi жинағы 1904 жылы академик Н. И. Веселовскийдiң редакторлығымен басылып шықты. Оған Шоқанның ғылми еңбектерi мен мақалаларының көпшiлiгi және қазақ, қырғыз халықтары ауыз әдебиетiнiң ол жинаған кейбiр нұсқалары елдi. Сонымен бiрге Шоқанның Потанин, Ядринцев сияқты достарының естелiктерi және ол жайындағы басқа да көптеген материалдар берiлдi. Шоқанның ғылми қызметiнiң ерекше жемiстi болғанын және оның өзiнiң адамгершiлiк, азаматтық

тұлғасын, рухани келбетін танып білуде бұл кітаптың маңызы өте-мөте зор.

Шоқанның бірсыпыра мақалалары мен хаттары 1947 жылы басылды. Бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты.

Ғалым еңбектерінің көлемді жинағы 1958 жылы басылды. «Таңдамалы шығармалар» деп аталған бұл кітапқа Шоқанның жұртшылыққа бұрыннан таныс еңбектерімен және хаттарымен бірге оның бұған дейін жарияланбаған, қолжазба күйінде архивтарда сақталып келген бірнеше шығармалары, күнделіктері («Сахрадағы мұсылманшылық жайында», «Ыстықкөлге саяхаттың күнделігі», «Қырғыздар», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», т. б.) енгізілген.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Шоқан еңбектерін 5 том етіп шығармақ. Соның 3 томы жарық көрді.

Шоқан еңбектерінің зерттелу ісі де әріден басталады. Орыстың Императорлық Географиялық қоғамының ресми материалдары мен есептерінде және ғалымның жақын достары мен жолдастары жазған некрологтарда, естеліктерде Шоқанның өмірбаянына байланысты көптеген деректер қамтылған, оның рухани өміріне, қызметіне сипаттама берілген.

Н. М. Ядринцевтің Шоқан шығармаларының тұңғыш жинағына берілген қосымшада жарияланған естелігі мен Потаниннің мақалалары<sup>1</sup> қазақ халқы ғалымының өмірі мен қыз-

---

<sup>1</sup> Г. Н. Потанин. Встреча с Дуровым. Сборник «На славном посту», 1906 г., В юрте последнего киргизского царевича. Спб., 1896 г.

метінің, саяси-әлеуметтік көзқарастарының әралуан қырлары мен сырларын ашып көрсетеді. Олар Шоқанның өз басын жақсы білген, онымен істес әрі жақын болған адамдар жазғандықтан да құнды.

Өз халқын қалтқысыз сүйген Шоқан туған елінің болашағы Россиямен тығыз байланысты екендігін, сондықтан да оның орыс мәдениетін аса жоғары бағалағанын революциядан бұрынғы орыс зерттеушілері талай рет атап көрсетті. Мәселен, А. Н. Пыпин өзінің «Орыс этнографиясының тарихы» деген еңбегінде былай деп жазды: «Уәлихановты жақын білген адамдар мынаны да қоса айтады. Өзінің ақыл-ойының бағыты, тілектестігі жағынан Уәлиханов орыс батысшылы болды: ол Россияны шын жүрегімен сүйді, оның мешеуліктерін де көрді және Россияның алдыңғы қатарлы адамдарымен бірге оның жаңаруын қалады»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, достары мен замандастары, орыстың озық ойлы ғалымдары Шоқанның еңбектері мен шығармаларын бастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның өз басы жайында көптеген құнды мағлұматтар қалдырып, негізінен, дұрыс баға беруге де тырысты. Бұл материалдардың қазіргі зерттеушілер үшін мәні ерекше зор. Революция алдындағы жылдарда Шоқан еңбектеріне жете назар аударылған жоқ.

Шоқан мұрасының шын мәнісінде терең әрі кең тұрғыда зерттеле бастағаны — совет дәуірінде. Рас, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде буржуазияшыл ұлтшылдар Шоқан мұра-

---

<sup>1</sup> А. Н. Пыпин. История русской этнографии, т. IV 1892, стр. 399.

сын, оның есімін өздерінің жат мүдделеріне пайдалану үшін бұрмалап түсіндіруге де тырысты. Шоқанның мұрасына лайықты әрі шын мәнісінде әділ баға бергендер — совет зерттеушілері.

1940 жылы, яғни қайтыс болғанына 75 жыл толуы қарсаңында республика еңбекшілері Шоқанды қадірлеп еске түсірді. Осы кезеңнен бастап Шоқанның өмірі мен ғылыми қызметі жайында, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары жайында мақалалар мен зерттеулер молынан жазыла бастады. Бұлардың ішінен Х. Әділгереев, Қ. Бекхожин, С. Мұқанов, Н. Смирнованың, Қ. Тұрғанбаевтың, Х. Айдарованың мақалаларын, А. Лурьенің очеркін, Х. Айдарованың монографиясын және проф. Қ. Жұмалиевтің оқулығын атап көрсетуге болады.

Шоқан жайындағы ең соңғы кезде жазылған мақалалардың көлемдісі әрі фактілер мен материалдарға байы — Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Марғұланның очеркі.

Шоқан Уәлихановтың ғалым, ағартушы, әдебиетші ретіндегі қызметі, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары ғана тексеріліп қойған жоқ. Сонымен бірге әдебиет пен көркемөнерде оның образы да жасала бастады. Ол жайында «Оның заманы тұады» деген көркем суретті фильм жасалды. Белгілі қазақ совет жазушысы С. Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» атты тарихи драма жазды.

Шоқан — қазақтың жаңа бағыттағы қоғамдық ойының тарихын бастаушы, халқымыздың көрнекті ағартушысы әрі асқан ғалымы. Ол ғылымның әралуан саласында, яғни әдебиет,

тарих, география, этнографияға байланысты мейлінше мол мұра қалдырды. Ғұмыр жасының соншалықты қысқа болғандығына қарамастан, кейінгі ұрпаққа мұндай зор мұра қалдыруы — Шоқанның аса жемісті ғалым болғандығының айғағы.

Шоқанның бойында ғылымға деген құмарлық пен икемділік өте ерте, тіпті кадет корпусында оқып жүрген кезде-ақ басталады. Бұған Г. Н. Потаниннің мына бір сөздері анық дәлел бола алады. Ол былай деп жазады: «14—15 жасқа ғана толған Шоқанға корпусстың оқытушылары болашақ зерттеуші, бәлкім тіпті ғалым деп қарайтын... Шоқан ол кезде аса көп оқитын. Бұл оның бойындағы сыншылдық қабілетті өсірді. Адамгершілік мәселесі және кейіннен өзінің мамандығы болып кеткен шығыс филологиясы саласындағы оның ой-пікірлеріне біз қайран қалатынбыз»<sup>1</sup>.

Өзімен бірге оқыған достарының айтуына қарағанда Шоқан жас күнінде саяхатшы болуды, Орта Азияның әлі толық зерттелмеген өлкелерін аралап, олардың жұмбақ сырларын, тылсым күйлерін ашуды арман етеді. Шындығында да, Шоқан кейіннен нағыз саяхатшы болып шықты. Ол қырғыз елінде, Қашқарияда, Құлжада болған сапарларында сол жерлерді мекендеген халықтардың тарихы, этнографиясы, әдет-ғұрыптары, әдебиеті, мәдениеті туралы аса көп материалдар жинады және сол жинаған материалдарына сүйеніп терең ғылыми пікірлер айтты, топшылаулар жасады.

---

<sup>1</sup> Г. Н. Потанин. Записки Русского Географического общества. т. XXIX. стр. 17.



«Жоңғария очерктері» атты еңбегінде Европа мен орыс ғалымдары үшін Орта Азия жұмбақ өлке болып келгенін атап көрсете отырып, Шоқан былай деп жазды: «Орта Азия өзінің қазіргі қоғамдық құрылысы жағынан барып тұрған мүшкіл халде. Ол дамудың патологиялық дағдарысына ұшыраған... Бұл көгалдарда, құлаған көп қақпалы қалалардың орнында құрдым кепелер тұр. Бұларды тағы, қараңғы бір тайпа ел мекендейді, оны ислам мен жергілікті әлді-ауқаттылардың діншіл, монархияшыл өктемдігі бір жағынан, қытайлардың полициялы әкімдігі екінші жағынан әбден бұзып, басып-жаншып, аздырып жіберген»<sup>1</sup>. Бұдан ары Шоқан бір кезде ежелгі Шығыстың ең мәдениетті әрі бай елі саналған Маураннаһр (Бұқара, Хиуа және Қоқан) өлкесін тағылық пен қайыршылық жайлағанын, Ташкент пен Самарқандағы кітапханаларды, обсерваторияларды татар вандализмі мен Бұқара инквизициясы тып-типыл етіп қиратқанын қатты қынжыла, ызалана еске алады. Шоқан Орта Азия елдерінің артта қалуына себепкер болған, кеселін тигізген жағдай феодалдық-монархиялық тәртіп пен ислам діні екенін жақсы түсінді. Сондықтан да мұндай зарарлы құбылыстарды қатал сынға алды.

Өзі болған жерлердің географиялық жағдайын, тарихын, әралуан халықтардың өмірі мен тұрмысы жайында байқағандарын Шоқан көп еңбектерінде, жазбалары мен күнделіктерінде тұтас қамтып сипаттап отырады. Осылай

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения. 1958. стр. 83—84.

болғандықтан да оның шығармаларында тарихи, әдеби және этнографиялық, генеологиялық материалдар көбінесе өзара араласа жүреді. Өйткені, Шоқанның ойынша: «Этнография үшін халықтың сөз өнері ескерткіштерін зерттеудің маңызы бар. Оларда халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы бәрінен де артық көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздарының молдығы — терістік және Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше қасиеті»<sup>1</sup>.

Шоқанның ғылыми еңбектерінің бірсыпырасы қазақ халқының тарихына, ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрыптарына, діни нанымдарына арналған. Олардың ішінен «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары», «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар», «Бағы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Қазақтың шежіресі», «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» атты мақалалары мен еңбектерін ерекше атауға болады. Соңғы еңбек Шоқанның нағыз қалыптасқан, толысқан ғалым екендігін, оның асқан білімдарлығын және көп реттерде материалистік көзқарас ұстағандығын әсіресе анық көрсетті.

Өздерін мұсылмандар санап, ислам дініне табынғанымен, қазақтар көбінесе шамаң дінін ұстанатындығын немесе мұсылмандық әдет-ғұрыптарды бақсылық наным, соқыр сезімдермен араластыратындығын сол кездегі зерттеушілердің талайы-ақ атап көрсеткен болатын. Бірақ олар сол шамаң дінін қандай реттерде және қалай ұстанды? Міне бұл сұраққа зерт-

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения. 1958.

теушілердің ешқайсысы да жауап бере алған жоқ. Ал Шоқан жоғарыда аталған еңбегінде осы сұраққа толық та терең жауап берді.

Бурят ғалымы Доржи Банзаровтың «Монғолдар арасындағы бақсылық немесе қара дін» деген еңбегін былай қойғанда, Шоқан өзінің зерттеуінде бір кезде Алғы Азияның көптеген халықтары ұстанған шаман дінін тұңғыш рет тарихи кең тұрғыда, материалистік негізде талдайды. Ол былай деп көрсетті: «Бір жағынан алғанда, шаман діні — жалпы жаратылысты зор тұтушылық, ал атап айтқанда, адамның жаратылыстың әсерімен әрекет істеп, өмір сүруі. Бұл жағынан алғанда шаман діні — шектен асқан материализм. Ал екінші жағынан, адам өлгеннен кейін өзі аруаққа айналады — мұнысы шектен асқан спиртуализм. Тамаша идея, неге десеңіз мұнда мифологиялық адасулар жоқ және ол қоғамдық жағдайларға, қоғамдық заңдарға кең өріс береді»<sup>1</sup>.

Шоқан табиғат пен адам, өмір мен өлім туралы түсініктерге шаман дінінің өзіндік қатынасы барлығын және мұның туу себептерін де ашып айтады: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім ғажайып таң-тамаша қаларлық нәрселер болды және әрдайым ашылмас құпияға толы болып отырды: табиғат пен адам! Айтыңызшы, табиғат пен адамнан асқан сырлы да ғажайып не болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білу қажеттігі, өмір мен өлім туралы және адамның табиғатқа қатнасы туралы мәселе шаман ді-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949, 19-бет.

нін — әлемге немесе табиғатқа және өлген адамдардың рухына табынуды туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және біз табиғат немесе әлем атайтын ұшы-қиыры жоқ, мәңгі жасайтын, әрқилы құбылыстың бәрін керемет тұтастын болды»<sup>1</sup>.

Бұдан әрі Шоқан шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары, халықтың әралуан ырымдары мен әдет-ғұрыптары, космологиялық ұғымдары туралы байқауларын, топшылауларын айтады. Оның пікірінше, қазақ арасында мұсылмандық қағидаларынан гөрі шаман әдет-ғұрыптары бекем сақталған. Осыған байланысты Шоқан қазақ даласына діни фанатизмнің тарауына қарсы шықты.

Бұл еңбегінен Шоқанның адам қоғамы әрдайым өрлеу, өсу жолын бастан кешіретіндігін және сол даму дәрежесіне сәйкес оның табиғат, дүние туралы ұғымдары өзгеріп, жаңғырып отыратындығын дұрыс түсінетіндігін көреміз. Осы тұрғыдан қарап ол қазақ халқының бір кезде шаман дінін ұстануы кездейсоқ құбылыс емес, оның тарихи дамуының белгілі бір кезеңінің жемісі екендігін дәлелдеп берді. Мұндай қорытындыға ол халықтың тарихын, өмірін, оның әдет-ғұрыптары мен нанымдарын жан-жақты әрі терең зерттеу арқылы келді. Жалпы алғанда, «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» — Шоқанның күрделі де кенеулі, жүйелі ғылыми еңбектерінің бірі болып табылады.

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 146—147.

Шоқанның бұдан басқа «XVIII ғағырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар», «Бағы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары», «Сахрадағы мұсылманшылық жайында» атты зерттеулері де ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл еңбектерден өз халқын шын жүректен сүйген, оның өмірі мен тарихын жете біліп, көп зерттеген әрі өткен ғасырдың 50—60 жылдарындағы қоғамдық ойдың озық дәрежесіне деңгейтесе алған ғалым — Шоқанның бейнесін көреміз, оның нағыз отаншылдық ой-сырларын сеземіз.

Өз халқының өткендегі мұрасы мен мәдени қазынасын ерекше қастерлеген Шоқан басқа халықтардың да тарихына, мәдениетіне аса зор ықласпен, құрметпен қараған. Мәселен, оның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» және «Қырғыздар» атты көлемді еңбектері қырғыз халқына арналған. Алғашқы еңбектің, яғни «Күнделіктің» ғылыми және әдеби маңызы ерекше. Мұнда ғалым өзінің Ыстықкөлге барып қайтқан сапарында алған әсерлерін, табиғат суреттерін береді және көшпелі халықтардың әдет-ғұрыптарымен, экономикалық жағдайларымен таныстырады. Сонымен бірге ол халықтың ауыз әдебиеті жайындағы ой-топшылауларын да қоса аңғартып отырады.

Ал екінші көлемді еңбегінде («Қырғыздар») ғалым өзінің байқауларына, фольклорлық аңыз-нұсқаларға және архивтық материалдарға және басқа да деректерге сүйене отырып, қырғыз халқының тарихы мен экономикасы, қолтума сөз өнері жайында зерттеулер жасап, байсалды пікірлер айтты. Тянь-Шань төңірегін мекендеген қырғыздар сол өлкенің

автохтондары, яғни ежелгі тұрғындары екенін Шоқан бұлтартпас фактілермен дәлелдеп берді. Сөйтіп, ол Фишер, Клапрот, Левшин сияқты ғалымдардың топшылаулары біржақты екендігін дәлелдеп шықты.

Әрине, көшпелі халықтың ежелгі өткеніне үңілу және оның бағы замандағы тарихын анықтау оңай іс емес. Өйткені, «Малмен ғана күн көрген, көшпелі шатырларда тіршілік ететін және өзін садақпен, жақ оғымен қорғайтын бұл халықтар өз болмысынан қандай ескерткіштер қалдыра алмақ? Көшпелі халық молалардан басқа қозғалмас, мызғымас не қалдыра алатын еді?»<sup>1</sup>.

Сондықтан да, Шоқан көшпелі халықтардың тарихын зерттеу үшін оның ауыздан ауызға көшіп, ұрпақтан ұрпаққа таралып келген әдеби мұрасының мәні ерекше деп білді: «Қырғыз тайпаларының тарихы... өте ежелгі тағдыры бұлыңғырлық мұнарымен бүркенген. Көшпелі халықтардың және жалпы жазу-сызуы жоқ тайпалардың тарихы үшін ең басты негізгі көз олардың аңыздары және олармен аралас-құралас болған мәдениетті халықтардың шежірелерінен алынған мағлұматтардың үзінділері болды және бола бермек»<sup>2</sup>. Сөйтіп, Шоқан қай халық жайында зерттесе де, оның тарихын, әдебиетін және басқа да мұраларын тұтас қамтып, жан-жақты талдап отырды.

Шоқанның ғылыми еңбектерінің ең күрделілерінің бірі — оның «Алтышардың немесе Қы-

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 331.*

<sup>2</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958, стр. 324.*

тайдың Нан-лу (Кіші Бұқара) провинциясының шығысындағы алты қаланың хал-жайы туралы» деген зерттеуі. Шығыс Түркстанды мекендеген халықтардың өміріне, тарихы мен географиясына арналған және сол өлкенің үкіметтік жүйесін, саяси жағдайы, әлеуметтік құрылысын ыспаттайтын бұл еңбек материалдарының молдығымен, ғылыми талдауларының тереңдігі, жітілігімен ерекшеленеді. Шоқанның өз кезінде замандастары — орыс оқымыстылары жоғары бағалаған бұл еңбек ғылыми құндылығын әлі де болса жоғалтқан жоқ.

Шоқан ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жүйелі түрде, байыптылықпен шұғылданды. Оның әр саяхатының күнделігінен, жол жазбаларынан материалдарды жинау, екшеп сұрыптау және зерттеу әдісі анық байқалады. Өзі болған өлкелердің барлығында да жергілікті халықтардың тарихын, тілін, сөз өнерін, заттық және рухани мәдениетінің ескерткіштерін жете зерттеумен бірге ол сол өлкенің географиялық табиғи жағдайларына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне қоса назар аударып отырған. Ол этнографиялық коллекцияларды да көп жинаған. Мәселен, Шоқанның бұрынғы Алмалық қаласының орнынан тапқан этнографиялық коллекцияларын және басқа заттарын, қолжазбаларын Вельяминов-Зернов Ғылым академиясының Азиялық музейіне тапсырады. Бұл еңбегі үшін Шоқанға ерекше алғыс жарияланады.

Атақты геолог И. В. Мушкетов өзінің «Түркстан» деген кітабында Шығыс Түркстанның минерал байлықтары жөніндегі мәліметі ең алғаш Шоқан тапқанын атап көрсетеді.

Шоқанның жазған мақалалары, ғылыми еңбектері, күнделіктері — барлығы да оның ерекше аңғарымпаздығын, байыптылығын көрсетеді. Ол өзінің ғылыми пікірлерінің барлығын да деректі материалдарға, фактілерге негіздеп отырады. Ғылыми жұмыста қолданған әдістері де оның ғылыми-зерттеу ісіне өте тиянақтылығын аңғартады.

Шоқанның ғылыми-зерттеу ісіне мықтап араласуына, оның ой-өрісінің кенеюіне, нағыз, шын мәнісіндегі ғалым болып шығуына оның орыс достары ерекше ықпал жасап, зор көмек етті. Олар Шоқан еңбектерінің сақталуына және басылып шығуына да көп септіктерін тигізді. Бұл ретте Г. Н. Потаниннің, Н. И. Веселовскийдің, П. П. Семенов-Тянь-Шанскийдің және К. К. Гутковскийдің сіңірген еңбегі орасан зор. Шоқанның досы Г. Н. Потаниннің өтінуі бойынша академик Н. И. Веселовский Шоқан еңбектеріне редактор болуды өз міндетіне алады. Ғалымның тұңғыш жинағына берілген алғысөзде ол бұл жайында былай деп жазды: «Өз жұмыстарымның күрделілігіне карамастан, мен бұл істен бас тарта алмадым. Өйткені Шығысты зерттеу ғылымының мүддесі үшін де, Шоқан Уәлихановты есте қалдыру үшін де бұл іс сөзсіз пайдалы әрі қажет деп білдім». Бұдан әрі ол Шоқанның ғалымдығын жоғары бағалап, әріптестерінің одан аса зор үміт күткендігін айта келіп, былай деп көрсетті: «Шоқан Уәлиханов шығысты зерттеу әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының барлығы да оны ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры жайында



ұлы және маңызды жаңалықтар ашар деп күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді үзіп кетті»<sup>1</sup>.

Бұл — ғалым-Шоқанға берілген әділ баға еді. Шоқан тарихшы, географ, этнограф әрі ауыз әдебиетін жинап зерттеуші ретінде көп еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырды. Ол — тек өз халқының ғана емес, Орта Азия және Шығыс халықтарының да тарихын, мәдениетін, әдебиетін зерттеуші. Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлиханов — қазақ халқының орысша білім алған, алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларымен пікірлес, бағыттас болған шын мәнісіндегі әрі ең тұңғыш ғалымы.

\* \* \*

Сонымен бірге Шоқан Уәлиханов қазақ халқының тарихында өз елінің болашағын дұрыс болжап, патриоттық ой-пікір айтқан, езілушілердің мүддесін қорғаған, өз халқының келешегіне сеніммен қараған тұңғыш демократ, ағартушы да болып табылады.

Бұл ретте Шоқанның демократ ретінде қалыптасуына, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп нығаюына оның орыс достарының және әсіресе өткен ғасырдағы орыстың революцияшыл демократтарының ерекше әсері болғанын атап айту керек.

Жас кезінде Шоқанға өте күшті әсер еткендердің бірі — петрашеншіл-ақын С. Ф. Дуров. Ол өз кезіндегі Россиядағы саяси-әлеуметтік құрылысқа, басыбайлылыққа, өлшеусіз қатал тәртіпке барынша қарсы болған адам. Ол

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Уәлиханов. Соч. 1904, стр. 1.

әдебиет, искусство мәселелерімен де шұғылланады. Дуров жер аударылып, Омск қаласына келген. Ол Шоқанмен 1855 жылдың көктемінде танысады. Г. Н. Потаниннің мемуарларына қарағанда, Дуров Уәлихановқа өзінің революциялық-ағартушылық ойлары мен пікірлерін мол дарытады. Оның патшалық отаршылықтың кесепаттары мен басы-байлылықты аяусыз шенеген, өктемдік пен озбырлық дүниесіне қарсы күреске шақырған жалынды идеялары жас Шоқанды қатты еліктіріп қызықтырады.

Өзі қатты әсер алған әрі демократтық, азатшылдық ой-пікірлерін құрметтеген Дуровтың ықпалына Шоқан досы Потанинді де тартуға тырысады. Ол бұл көздегеніне жетеді де. «Мен Дуровпен бір кешті түгел өткіздім,— деп еске алады Г. Н. Потанин,— ол маған күшті әсер етіп, ойымда нағыз төңкеріс жасады. Бұрын бірде-бір адам маған дәл осындай күшті әсер еткен жоқ еді. Басқа адамның сезімін адамгершілікпен, байсалдылықпен қастерлей білуі менде осы бір адамға деген сенім туғызды. Менің қарсы алдымда жасы қырық бестен асқан, ауру меңдеген шалажансар жан отыр. Тек көзі ғана жанарлы от шашады. Ол маған бәрінен де гөрі Россияның болашағына және адам баласының прогреске деген өзінің сенімімен әсер етті... Мен одан Шоқанмен бір пікірлес адам болып қайттым және біздің араздағы таластар қойылды»<sup>1</sup>. Бұл сөздер Дуровтың Шоқанға да тигізген әсерін жақсы аңғартып, қоса танытады.

---

<sup>1</sup> Г. Н. Потанин. ЗРГО, т. XXIX, стр. 24—25.

Шоқанның саяси-әлеуметтік пікірлерінің тереңдеп өрбуіне, әсіресе оның ғылыми қызметінің құлашын кең жайып өсуіне атақты географ-саяхатшы Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің де көп жәрдемі тиеді. Ол Шоқанның ғылыми мұрасының жарыққа шығуы үшін де үлкен еңбек сіңіреді.

Орыс достарының ішінде Шоқанмен ұзақ байланыс жасап, рухани жағынан ең жақын болғаны — орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевский. Ол Шоқанмен бірге болған кезінде де, айрылған жылдарында да оның өзінің де, халқының да жанашыр жақыны, татаусыз досы болып қалады. Шоқанмен жазысқан хаттарынан оның бұл қасиеті анық аңғарылады. Ол Шоқанның ғылыми қызметін, ізденулерін бақылап, оның тағдыры жайында әрдайым ойлана, еске ала жүрген. Тверь қаласында тұрған шағында Достоевский А. Е. Врангельге жолдаған хатында былай деп жазады: «Уәлиханов — аса сүйкімді әрі аса тамаша адам. Ол, сірә, Петербургта ма екен? Мен сізге ол жайында жазып та едім. Ол Географиялық Қоғамның мүшесі. Егер уақыт болса, онда Уәлихановтың жәйін біліңізші. Мен оны мейлінше сүйемін және оған аса ерекше көңіл бөлемін»<sup>1</sup>.

Осындай татаусыз сезімдерін, достық ойларын ол Шоқанның өзіне жазған хаттарында да терең әрі мол білдіріп отырған. Орыстың ұлы жазушысымен достасып өткізген жылдары — Шоқан өмірінің еңбір мәнді, айқын кезеңі болып табылады.

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения. 1958.* стр. 66.

Міне, Шоқанның жоғарыда аталған достары — онымен тікелей араласқан, бірге істеген, пікірлес болған адамдар. Сондықтан да олар Шоқанның ой-өрісінің кеңеюіне, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп, демократтық пікірлерінің қалыптасуына көп әсер етті.

Сонымен қатар Шоқанның ең көп үлгі көріп, өнеге алған ұстаздары — негізінен, орыстың өткен ғасырдағы революцияшыл демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбов.

Кадет корпусында жүрген кезінде-ақ Шоқанның «Современник» журналын оқып тұрғаны жоғарыда айтылды. Ол Петербургқа барғанда да «Современник» журналын үзбей оқиды, Чернышевский, Добролюбовтардың идеяларымен тереңірек танысады. Сөйтіп, Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасының, демократтық пікірлерінің біржола қалыптасып нығаюына әсер еткен негізгі фактор — өткен ғасырдың 50—60 жылдарындағы орыстың азаттық күресті ту еткен озық философиясы және оның тамаша өкілдері Чернышевский мен Добролюбовтың озық идеялары. «Бұл Чернышевский дегеніңіз неткен тамаша адам және орыстан басқа халықтардың да өмірін қандай жақсы біледі десеңізші! Онымен мәслихаттасқаннан кейін мен Россиясыз біз құрып кетеміз, орыстарсыз көретін күніміз — оқу-білімсіз, қыспақта, қараңғылықта қалу, орыстарсыз — біз бар болғаны Азиямыз және онсыз ешкім де бола алмаймыз деген ойға әбден бекіндім. Чернышевский — бұл біздің досымыз»<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Н. М. Чернышевская. Летопись жизни и деятельности Н. Г. Чернышевского. Москва, 1953, стр. 322.

Орыстың ұлы ойшылы, революцияшыл демократы Чернышевскиймен жүздесіп сөйлескеннен кейін Шоқан Уәлиханов өз халқының тарихи тағдыры, болашағы жайында осындай ой түйген болатын. Осынау ақиқат жай Шоқанның өз басына, оның ғылыми-творчестволық қызметіне де орайлас. Өйткені, ағартушы-демократ, ойшыл ғалым, гуманист ретінде де Шоқан — ең алдымен орыс тәрбиесінің, орыс мәдениетінің жемісі.

Рас, Шоқан орыстың революционер-демократтарының патшалық құрылысқа, өктемдік дүниесіне қарсы күреске үндеген азаткерлік идеяларының деңгейіне көтеріле алған жоқ. Бұл ретте белгілі ғалым М. Әуезовтың мынадай пікірін еске алуға болады: «Шоқан Белинскийдің және Герценнің шығармаларымен жақсы таныс болды. Әйтсе де, солардың еңбектерінен ол бұқараны кеңінен ағарту программасын бәрінен де жақын қабылдады. Бұл орыс ойшылдарының революциялық-демократтық идеяларын кенже қалған қазақ қоғамына қолдану Шоқанға.. әлі ерте көрінді»<sup>1</sup>. Бұл сөздер Шоқан көзқарастарының күшті де, осал да жақтарын жақсы аңғартады.

Қорыта айтқанда, орыстың XIX ғасырдағы ірі-ірі ойшылдарының озық идеяларынан нәр алған Шоқан кезінде өз халқының алдыңғы қатарлы ой-пікірін білдіруші болды. Сөйтіп, ол өз заманының прогресшіл идеялары дәрежесіне көтерілді.

---

<sup>1</sup> *Мухтар Ауэзов. Традиции русского реализма в казахская литература. Журнал «Дружба народов».* № 2, 1949, стр. 125.

Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарастары, демократизмі оның ғылыми еңбектерінен, мақалаларынан, хаттарынан анық байқалып отырады.

Қазақтың қоғамдық ой-пікірінің тарихында қазақ даласында қанаушы және қаналушы тап барын алғаш рет көріп, ашық айтқан және қараңғылық пен нағандықтың түнегіне қамалған, теңсіздік торына түскен бұқара халықтың мұңын жоқтап, мүддесін қорғаған адам Шоқан болды. Бұл — Шоқанның демократтық көзқарастарындағы ең бір түйінді және негізгі мәселе. Бұл оның «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінен әсіресе айқын танылады.

Осы еңбегінде ол былай деп жазды: «Ал қоғамның ардақты таптарының пікірін халықтың шын мұң-мұқтаждарына мүлдем қайшы келетін пікір деп қана қарау керек, өйткені мәдениетті қоғамдардың өзінде де атақты, бай адамдардың мүдделері бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне көбінесе қарсы болып отырады»<sup>1</sup>.

А. Н. Майковқа жазған хатында ол бұл пікірін терендете түседі: «Жергілікті сұлтандармен және қарадан шыққан байлармен де келісе алмай жүрмін, өйткені олар өздерінің бұрынғы құлдарын жаман ұстайды, бұл құлдар азат етілгенмен де, қайда барарын білмей, сол бұрынғы қожаларының қолында жүр. Мен оларға еңбек ақы төлендер және адам сияқты қылып ұстандар деп сұлтандар мен байларға талай рет айттым, өйтпесендер болмайды деп заңмен де қорқыттым. Оның есесіне мен қазақ

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949, 47-бет,

даласындағы пролетариатпен қатты доспын және олармен оп-оцай үйлесе кетем»<sup>1</sup>.

Шоқан, қазақ даласындағы екі жақты қанауды, жергілікті байлар мен патша чиновниктерінің халық мүддесіне қарсы екендігін де көре білді. Ол сот реформасының жобасы ірі байлар мен сұлтандардың, чиновниктердің мүддесін қорғаштайтындығын, сондықтан да халық тілегіне жат екендігін әшкерелей келіп, азаматтық жағынан өсіп-өркендеуінен шексіз үміт күттіріп отырған миллиондаған адамдардың тағдырына, орыстарды өздерінің отандас бауырластары санайтын және оларға өз ықтиярымен қосылған жандардың тағдырына баса назар аударылуын, оларға көбірек қамқорлық жасалуын талап етті.

Сот реформасы жайындағы ой-пікірлері де Шоканның өз тұрғысынан қарағанда ілгерішіл бағыт ұстағанын байқатады.

«Біздің заманымызда,— деп көрсетті ол,— халықтың мұн-мұқтаждықтарына тікелей қатынасы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар халық үшін ең маңызды және оған ең тиімді реформалар деп саналады, ал саяси реформалар қажетті экономикалық реформаларды жүргізу құралы ретінде ғана қолданылады. Өйткені, әрбір жеке адам болсын және бүкіл адам баласы бірлесіп болсын, өзінің даму жолында түпкілікті бір мақсатты — өзінің тұрмыс жағдайын жақсартуды көздейді, біздің прогресс дейтініміздің өзі де осы болады. Осы тұрғыдан қарағанда, адамның тұрмыс жағда-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949, 130-бет.

йын жақсартуға себеп болатын реформалар ғана пайдалы да, ал осы мақсатқа жетуге, бір себеппен, кедергі болатын реформалар зиянды болмақ»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, Шоқан жүргізілейін деп отырған реформаны халық мүддесіне сай болып шығу, шықпауына қарай бағалайды. Ол халықтың тұрмыс жағдайын жақсартатын, прогреске ұмтылдыратын реформалар болуын көздейді. Ал мұндай талапты орындамайтын реформалардың халық мүддесіне жат, зиянды екенін ашықтан-ашық айтты. Шоқанның бұл еңбегінен оның өз тілегін халық мүддесімен, өз арманын халық мұңымен тығыз ұштастыра, байланыстыра білгенін көреміз.

Шоқанның демократтық көзқарасы, езілген шаруалардың мүддесіне ортақтастығы, оның Петербургта болған кезіндегі істерінен, айтқан сөздерінен де байқалады. «Ол өзінің демократтық көзқарастарын ашық айтумен болды»,— деп жазады Потанин Шоқанның астанада болған шағын еске алып. Ол бұл жөнінде мынадай бір қызық мысал келтіреді: «Бірде май парады кезінде оның жанында тұрған бір жас князьді сұр киімді біреу қағып кеткенде, ол (князь А. Н.): «Неге тазартпайды бұл жұртты?» — дейді. Шоқан іле-шала оған: «Разиннің жұртты қалай тазартқаны жайында оқымап па едің?» — деп айтып салды»<sup>2</sup>.

Бұдан біз Шоқанның орыс шаруаларының патшаға қарсы болған көтерілістеріне көп кө-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949, 130-бет.

<sup>2</sup> Кітапта: «Чокап Валиханов в воспоминаниях современников». Қазгосиздат. Алматы, 1964. стр. 54



ніл бөліп, оған үлкен мән беретінін байқаймыз. Ал дандайсыған, кербезсінген князге Россиядағы шаруалар көтерілісінің атақты басшысы С. Разиннің ісін бетке айтуы Шоқанның саяси әлеуметтік көзқарасының шыныққандығын көрсетеді.

Өзі билеуші таптың ортасынан шыққанымен Шоқан қалың бұқараның аяусыз қаналып отырғандығын көре білді, халықтың ой-тілегін, арман-мүддесін қорғады, қазақ даласындағы басқарушылық тәртіптің өзгеруін қалады. Мұның барлығы да Шоқанның демократтығын ыспаттай түседі.

Рас Шоқан, жоғарыда айтылғандай, орыстың өткен ғасырдағы революционер-демократтарының идеяларынан нәр алғанымен сол ұстаздарының деңгейіне көтеріле алған жоқ. Шоқан дұрыс жасалған әлеуметтік реформалар арқылы немесе оқыған білімді адамдарды басқару орындарына қою арқылы халықтың тұрмысын өзгертуге, жақсартуға болады деп түсінді.

Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарастарындағы мұндай қайшылықтар өзі өмір сүрген кездегі қазақтың саяси-қоғамдық құрылысының мешеулігіне, Қазақстанның тарихи дамуда кенже қалғандығына байланысты еді.

Саяси-әлеуметтік көзқарастарындағы қайшылықтарды былай қойғанда Шоқан езілушілердің мүддесін қорғады, олардың өмір сүру қалпының өзгеруін қалады. Ол қазақ халқының тұңғыш демократы, озық ойшылы болып саналады.

Туған халқын шын жүректен сүйген Шоқан өз елінің келешегі ұлы орыс халқымен, Россия-

мен бірге болуына байланысты екенін терең түсінді. Шоқан қайтыс болғанда жарияланған некрологта оның жолдастары былай деп жазды: «Уәлиханов өз еліне жан-тәнімен берілген еді, ол қазақ өмірін<sup>1</sup> сүйетін, сонымен бірге ол батыс цивилизациясын жоғары бағалай алды. Ол өз халқының жарқын болашағы Россияның қамқорлығына ғана байланысты екенін қиядап болжады»<sup>1</sup>.

Шоқанның орыс және қазақ халықтарының арасындағы достық қарым-қатынастар туралы пікірлерінің ең бір құндылығы сол — ол қазақ халқы өзінің бар үміті мен арманын болашақтан күтетіндігін және осы ретте орыстармен жақын болуды қалайтындығын ашық айтты. «Ақырында, мұның бәрінен маңыздысы сол — біздің қоғамдық өркендеу формаларымыз жоғарғы, мәдениеті дамудың нәтижелерімен көбірек ұқсас келетін жасанды емес дәрежеде тұр. Біздің болашақтан күтер үмітіміздің бәрі де осыған негізделеді... Оның үстіне біз орыстармен тарихи жағынан да және тіпті қан араласу жағынан да тығыз байланыстымыз»<sup>2</sup>, — деп жазады Шоқан.

Сөйтіп, орыс және қазақ халықтарының арасындағы достық — тарихи достық екендігін және олардың тағдырларының, өмірлік мүдделерінің тұтастығынан келіп туатындығын Шоқан дұрыс түсінді. Екі халықтың арасындағы айнымас, берік достықтың тарихи сипатын көре білетін Шоқан оның келешекте де нығая беретіндігіне кәміл сенді.

<sup>1</sup> Сонда. 127-бет.

<sup>2</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 1949. 50-бет.

Қазақ халқының орыстармен достығын аңсаған, орыстың прогресшіл мәдениетінен үлгі алуды, үйренуді мақсат еткен Шоқан бұл игі іске бөгет болушылардың барлығына да бәрінің қарсы болды. Осы ретте ислам дінінің зарарлы сипатын аяусыз әшкерелеген Шоқан патша чиновниктерінің қазақ халқын бұратана деп санап, оларды орыстардан алыстатып, араларына араздық отын тұтатпақ болған зымияндық саясатына да мейлінше наразы болды. А. Н. Майковқа жазған хатында Шоқан мұны ашық айтады: «Сибирь үкіметіне қалай қарайтындығымды сіз, тегі, Федор Михайловичтен естіген боларсыз, мен оған Сибирь үкіметінің маған бұратана ретінде қарауына байланысты болған бір уақиғаның жайын жазғанмын. Сибирьде бұратана халықтарға тек ит қосып талатпайды демесеңіз, одан басқаның бәрін істейді.

Міне, менің жайым осындай, сүйікті Аполлан Николаевич. Өте жайсыз... Ештеңе өнбесе де, қарсыласа берген жөн»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, Шоқан Уәлиханов қазақ және орыс халықтарының арасындағы тарихи достықты аса жоғары бағалады және сол достықтың болашағына үлкен үміт, зор сеніммен қарады. Ол қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің даму тарихында екі халықтың — орыс және қазақ халықтарының арасындағы достықтың тұңғыш жаршысы болды. Шоқанның ағартушылық-демократтық қызметінің тарихи құндылығы оның ислам дінінің керітартпалығын, зарарлы ке-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 1949. 130—131-бет.

сепатын аяусыз әшкерелеп, соның улы зардаптарына қарсы аянбастан, бітіспес күреске шыққандығына да байланысты.

Ол ислам дінінің кеселдерін сынауды сол кездегі Шығыстың мешеулігін мінеумен ұштастырды. Жоғарыда айтылғандай, Шоқан Орта Азия халықтарының, Шығыс елдерінің тарихы мен саяси-қоғамдық құрылыстарын да зерттеді. Орта Азияға жасаған саяхаттарында көзімен көргендеріне және жинаған материалдарына сүйене отырып, ол Шығыс туралы көптеген құнды пікірлер айтты. Шоқан Шығыс және Орта Азия елдерінің шаруашылық-экономикалық, әрі мәдениет жағынан артта қалғандығын және сол елдердің алға басуына қырсығын тигізіп отырған кеселдерді аяусыз сынады. Ол мәдениет пен прогрестен аулақтанған рухани тоқырауға әсіресе батыл қарсы шықты.

«Орта Азия билеушілері қазір өздерінің ата-бабаларындай мемуарлар мен өлең жазбайды, астрономиялық кестелер жасамайды. Бірақ олар күн сайын сән-салтанатпен мешітке барады және сонда молдалармен мүлгіп әңгімелеседі де отырады»<sup>1</sup>, — деп жазды Шоқан өзінің «Жоңғария очерктерінде».

Шоқан Орта Азия елдерінің артта қалуына себепкер болған кеселін тигізген жағдай феодалдық-монархиялық тәртіп пен ислам діні екенін дұрыс түсінді. Сондықтан да Шоқан керітартпалыққа ұрындырып, дамуға кесел жасап отырған ислам дінін қатал сынға алды.

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения, 1958. стр. 84.

Бұл мәселеде де Шоқан XIX ғасырдағы орыс материалистерінің көзқарастарына жақын келіп отырды. Ол жалпы дін атаулының прогреске бөгет болатынын, ғылым мен мәдениеттің дамуына кесел жасайтынын, әсіресе ислам дінінің реакциялық сипатын ашық айтты. Ол тоқырау мен құлдыраудың құралы болған, халықтың басын айналдырып, санасын улаған дінді ортағасырлық идеология деп санады.

Ислам дінінің ең қауіпті және зиянды жағы Шығыс халықтарын Россиядан, орыс мәдениетінен ажыратып, бөліп тастауда екенін Шоқан асқан көрегендікпен айтты: «Мұсылманшылық әзірге біздің қанымызға араласып, бойымызға сіңіп кете қойған жоқ. Бірақ ол келешекте халықты ыдырату қаупін туғызады»<sup>1</sup> — деп жазды Шоқан «Сахарадағы мұсылманшылық жайында» деген мақаласында.

Бұдан әрі ол балғын да ұғымтал қазақ халқына мұсылманшылық өлі схоластикадан басқа ештеңе бермейтінін айта келіп, сонымен бірге үкіметпен өнер-білім біткеннің қас жауы — дінге қамқорлық жасамауды және ұрып-соғу мен қорқыту, үркітуге негізделген теологиялық заңдарды қазақ сахарасына зорлап енгізбеуді талап етті.

Шоқанның ислам дініне, оның қараңғы халық арасындағы зардаптарына қарсы күресі түптеп келгенде оның ағартушылық идеяларына келіп саяды. Ол халықты қараңғылық пен надандық торында тұншықтырған дінни татар

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения, 1958. стр. 187.

мектептерін құртып, молдаларды қуып жіберуді және олардың орнына орысша оқытатын мектептер ашуды қажет деп санады.

«Жалпы айтқанда,— деп жазды Шоқан жоғарыда айтқан мақаласында,— Еуропа цивилизациясына жету жолында қазақ халқының алдында, орыстардың Византия дәуірін басынан кешіргені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр. Византияшылық қаншама сұрқиялық бола тұрса да ол қалай дегенмен де талассыз ағартушылық белгісі бар христиан дінін әкеліп енгізіп еді. Ал ақыл-парасаты тың, ұғымтал қазақ халқы бұл татар ағартушылығынан ақыл-ой мен сезімнің өркендеуіне тосқауыл ғана бола алатын өлексе схоластикадан басқа не күтуге болады. Біз қалайда болса татар дәуіріне соқпай өтуіміз керек; ал үкімет бұл жөнде бізге жәрдемдесу керек. Суға кетіп бара жатқан адамды құтқару бізге қаншалықты зор борыш болса, бұл да оған сондай зор борыш болып табылады. Мұндай адамгершілік жұмысты жүзеге асыру үшін ең алдымен тек молдалар мен ислам идеяларын қолдауды қою керек, сөйтіп қазақ округтарында татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек»<sup>1</sup>.

Өзі бекем ұстанған және жүзеге асыру жолында талмай күрескен осы идеясын Шоқан «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінде бұдан да гөрі өрбіте, тереңдете түсті.

Сөйтіп, Шоқан қазақ даласына ислам дінінің таралуына, оны уағыздайтын қожа-молда-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 1949, 110—111-бет.

лардың қастандық, керітартпалық әрекеттеріне барынша қарсы тұрды. Ол қазақтарды орысша оқыту керектігін және бұл үшін мектептер ашу қажеттігін айтты. Осы идеясынан ол еш уақыт танған жоқ және өмірінің ақтық кезіне дейін сол мақсаты жолында күресті. Туған халқының мәдениетті, білімдар ел болуын аңсаған қазақтың тұңғыш ағартушысы Шоқанның ең ізгі, аяулы армандарының бірі осындай болатын.

\* \* \*

Шоқанның мол ғылыми мұрасының ең негізгі бір саласы оның әдебиетші-зерттеуші ретіндегі еңбегіне байланысты. Шоқанның ғылыми қызметінің осы бір қыры әлі күнге дейін терең зерттеліп, толық ашылған жоқ. Бұл ретте болашақта да әлі көп жұмыстар жасалуы қажет екендігі күмансыз.

Шоқанның әдебиетке байланысты еңбектерін, негізінен алғанда, екі салаға бөлуге болады. Біріншісі — халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауы, екінші — сол жинаған материалдарына талдау жасап, ғылыми пікірлер айтуы.

Тіпті бала күнінде, кейін кадет корпусында оқып жүрген кезінде де Шоқан халықтың ертегілерін, аңыз-әнгімелерін жинай жүреді. Оның ауыз әдебиеті мұраларын көп білгендігі және оны аса жоғары бағалағандығы саяхаттарда жүргендегі күнделіктерінде жазылған сөздерінен анық көрінеді. Мәселен, «Ыстықкөл сапарының күнделігі» атты еңбегінің «Аякөз өлке-сінің Найман руы жайында» деген тарауында Шоқан былай деп жазады: «Мен Аякөзді сүйе-

мін және оны таң-тамаша көремін. Бәлкім, бұған бір кезде осы өзеннің бойында болған сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы-Көрпешке ғашықтығы жайындағы тамаша аңыздың да әсері аз емес шығар»<sup>1</sup>. Осы еңбегінде ол қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы әдеби байланыстар жайында да көптеген қызғылықты пікірлер айтады.

Шоқанның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаумен шұғылдануы ерте болғанмен, ал зерттеуші ретінде ол өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдарының бас кезінде қалыптасты. Халық әдебиетін жоғары бағалауда, оны халықтың тарихи тағдырының шежіресі ретінде түсінуде Шоқан орыс әдебиет сынының классиктері Чернышевский және Добролюбовпен үндес келіп отырады.

Ол ауыз әдебиетінің әралуан нұсқаларын өз халқының рухани мәдениетінің аса бай көрінісі деп білді және сондықтан да сол үлгілермен басқа халықтарды таныстыруға тырысты.

Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинап, тексере жүріп, олар славян халықтарының, әсіресе орыстардың ауыз әдебиетімен жақын, байланысты деген қорытындыға келді. Мәселен, өзінің «Жоңғария очерктерінде» Шоқан қазақтың ауыз әдебиетінің орыс халық поэзиясымен байланыстылығын және мұндай жақындық екі халықтың тарихи тағдырларының бірегейлігінен туғандығын ашып көрсетті.

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения. 1958, стр. 238—239.*



«Көп уақыттап бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, эпикалық жырлары мен аңыздарын жинаумен шұғыллана жүріп, мен олардың Европа халықтарындағы, әсіресе славяндардағы осы тектес шығармалармен бірсарындастығына қайрап қалдым»<sup>1</sup> — деп жазады Шоқан.

Екі халық әдебиетіндегі мұндай ұқсастық олардың тарихи тағдырларының тұтастығынан туатындығын Шоқан орыстың А. Афанасьев жинаған халық ертегілері мен қазақ ертегілерін салыстыра отырып та көрсетті. Шоқан орыстың мақал-мәтелдерінің қазақ арасына көп тарап кеткендігін атап көрсетті: «Қазақтарға көбіне біздің орыс мақалдары ұнайды және олар жүрегіне ұялаған мақалды жаттап алуға тырысып бағады. Сөйтіп оны өз мақалындай көріп, ауылдастарына айтуға асығады».

Халықтардың өзара әдеби алмасулары жайындағы пікірлерінен Шоканның нағыз ғылыми принцип ұстанғанын көреміз. Ол әр халықтың өзіндік мұрасын, ерекшелігін айыра білуді қажетті шарт етеді: «Онан соң қоныс жағынан көршілес және тілдері ұқсас болғандықтан поэзиялық аңыздар бір халықтан екінші халыққа оңай ауысып отыратындығын айта кету керек. Сондықтан оларды жақсылап айыра білу қажет. Ходзько мырза Едігенің үзінділерін түрікпендерден естіпті, бірақ түрікпендер оны қазақтардан немесе ноғайлардан алған болу керек. Сол сияқты түрікпендердің үздік шыққан қарақшысы Көрұғлыны қазақ жыршылары да жақсы біледі. Азияда кең өріс алып кет-

---

<sup>1</sup> Избранные произведения. 1958, стр. 95.

кен аңыздар мен ертегілер, өлең-жырлар мен поэмалар өте көп»<sup>1</sup>.

Мұндай алмасудың, ұқсастықтың себебі белгілі бір халықтың мәдени дәрежесінің төмендігінде, өз әдебиетінің кедейлігінде емес, қайта сол халықтардың тіршілік жағдайларының, дүние танушылықтарының жақындығында деген қорытынды жасайды, Шоқан.

Осы пікірін дамыта келіп, ол былай деп көрсетеді: «Академик Кастрен Лапландияда және карельдерден Одиссеядағы жалғыз көзді Полифем туралы ертегіні естіпті, әрине, олардың өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертілген түрін естіпті. Бұл ертеке қазақ даласында да бар. Жалғыз көзді — Дәу, Алып деп, адам жейтін жалмауыз деп айтады, ал Одиссеяның орнына қазақтар ержүрек Батырханды келтіреді»<sup>2</sup>.

Мұнда Шоқан карельдердің немесе қазақтардың бұл сюжетті ежелгі грек әдебиетінен ауысып алмағанын, қайта олардың өзінде осы іспетті аңыз, мифтік бейнелер болғанын аңғартады.

Өмірдің өзара ұқсас шындығы әдебиетте де тақырып, сюжет ұқсастығын туғызатындығын Шоқан қазақ және араб поэзиясын салыстыра отырып та айтады: «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы бір-біріне өте көп ұқсас: екеуінің де сюжеті дала өмірі тәрізді үнемі біркелкі болып келеді. Екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, ру-

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 1949. 102-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 102 бет.

лардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі»<sup>1</sup>. Сонымен бірге ол қазақ поэзиясының саф сұлулығын, тіл тазалығын арнайы атап көрсетеді. «Түрік тілдерінің ішіндегі ең тамашасы қазақ өлеңдерінің нақысы деуге болады. Онда арап тіліндегідей жасама, бояма сөздер жоқ, таза тіл».

Шокан көшпелі халықтарда өлеңді суырып айтқыштық, импровизаторлық өнер ерекше дамып жетілгендігіне де назар аударады: «Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын бір өзгешелігі — олар өлең, жырға бай, шебер келеді. Бедуиндердің ақын келетіндігі Европа халықтарына әбден мәлім. Аравия даласын кезгендердің бәрі де жалаңаш жүрген жас баланың өзіне берілген сұраулардың бәріне қисынды, ұйқасты өлеңмен жауап қайтарғанын айтып ауыздарының суы құриды. Монғол, түрік тектес рулар да дәл осындай». Бұдан кейін ол бұл халықтарда осы импровизаторлық өнердің мұншалықты дамып өсуінің сырын ашуға да тырысады: «Мұндай қасиеттің болуына көшпелілердің алаңсыз көшпелі өмірі әсер етті ме, болмаса, ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызы көп ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме — ол әзір бізге мәлімсіз»<sup>2</sup>.

Шоканның әдебиет жайындағы еңбектері мен зерттеулерінде осындай кең әдеби салыстырулар жиі ұшырасып отырады. Бұл оның құлашының кеңдігін, асқан білімдарлығын да байқатады. Шығыс халықтарының тілін жақсы

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904. стр. 193.

<sup>2</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904 стр. 193.

игерген Шоқан олардың әдебиеттерін де терең білген. Сондықтан да ол туған халқының әдебиетін басқа елдердің әдебиеттерімен қатар қоя, салыстыра отырып зерттеуге тырысты. Сонымен бірге ол қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің, әсіресе сөз өнерінің нағыз қолтумалық, өзіндік қасиеті мен ерекшеліктерін де әрдайым мақтана ш сезімімен атап көрсетіп отырды. Өлең халықтың рухани серігі болып келгенін, сондықтан да оның өмірінде поэзия ерекше орын алатындығын аңдатып Шоқан былай деп жазды: «Бұл халықтың ертеден өзіне тәп тұрмысында естерінде қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырып салма ақындар не жыршылар жыр етті, енді біреулерінің атын ұрпақтарының естерінде ұмытылмастай етіп қандай да болсын бір белгілі сыбызғышы не қобызшы музыканттар мәңгі өлместей мұра ғып тастап кетті»<sup>1</sup>.

Поэзия — қазақ халқының зор рухани қазнасы екендігін терең түсінген Шоқан оны аса жоғары бағалады: «Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша: 1) неге десеніз, ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр. 2) әр уақытта жасалған әртүрлі ақындар бұл жырларға үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазна тастап кеткен»<sup>2</sup>.

Шоқан поэзияны тек көркемдік мұра ретінде ғана жоғары бағалап қойған жоқ, сонымен

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904. стр. 195.

<sup>2</sup> Сонда, стр. 193.

катар оны халықтың тарихи тағдырының шежіресі, оның басынан кешірген оқиғаларының шынайы елестері деп те білді. Орыс халқының революцияшыл-демократтары Чернышевский мен Добролюбов тәрізді, Шоқан Уәлиханов та ауыз әдебиетінің өмір танытушылық күшін жоғары бағалады, онда халықтың арман-тілегі, ой-сезімі шындық шеңберінде әрі көркем бейнеленетіндігін ашып көрсетті. Ол өзі жинап зерттеген әдеби мұра нұсқаларының тарихи мәніне ерекше назар аударды.

Ғалым өткен замандардағы тарихи адамдардың аттарына байланысты туған және солардың тағдырын, іс-әрекеттерін бейнелейтін шығармаларға аса зор көңіл бөлді. Бұл оның «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар» деген мақаласынан әсіресе анық көрінеді. Мұнда Шоқан Аблайдың және оның батырларының басынан кешкен оқиғалары туралы аңыздарды мысалға келтіреді. Ол Аблайдың өз басын және оның кейбір жортуылшы батырларын мадақтаудан, көтере дәріптеуден аулақ. Қайта ол халық аңыздарындағы соларға байланысты сыншылдық сарындарды сақтап, сол күйінде беруге тырысады. Мәселен, Шоқан келтірген аңыздардың ішінде Аблайханның ұлы жүздің бір ауылын жазықсыз шауып алмақ болғанын, оның баласы Уәлидің тентектігі мен теріс мінезінен қазақтар мен қалмақтар арасында қантөгіс соғыс туып кеткенін, башқұрттан шыққан Есет батырдың Аблайды өңгеріп әкеткенін, сондай-ақ Аблай мен оның атақты батыры Жәнібек жаудан қорқып қашқанда, Байғозы тәрізді жас батыр ноян ерлік жасағанын, Оразымбет, Елшібек сияқты

халықтан шыққан батырлардың өжеттігін, тапқырлығын көрсететін аңыздар бар.

Бұл айтылғандар, сөз жоқ, өткендегі батырлар жайындағы тарихи аңыздардағы халықтық сарындарды Шоқанның өзі де қостайтындығын анық байқатады.

Шоқан тарихи аңыздармен бірге эпостық жырларға да мол назар аударған. Ол әсіресе ноғайлы дәуіріндегі оқиғаларға байланысты туған эпостық жырларды көп жинап зерттеген. Мұны жоғарыда келтірілген, А. Н. Майковқа арнаған хатында Шоқанның өзі де атап көрсетеді. Шоқанның ойынша, қазақтың мұндай эпостық жырлары Алтын Орда батырларының жайын баяндап қана қоймайды, сонымен бірге сол орданың тарихына жаңа көзқарас танытады әрі орданың құлау себептерін де ашып береді.

Шоқан қазақтың эпостық жырларын олардың тарихи шындықпен, белгілі бір дәуірдің оқиғаларымен байланыстылығы тұрғысынан қарап бағалаумен қатар ол жырлардың көркемдік қасиетіне де ерекше назар аударған. Мәселен «Ер Көкше мен Ер Қосай» жырына талдау бере келіп: ол былай деп жазады: «Маған қазақтардың арасында тағы бір-екі жыр мәлім. Біреуі «Ер Көкше мен Ер Қосай» деп аталады. Онда уақ руынан шыққан Ер Көкше, оның баласы Қосайдың күшті ру Қыпшаққа қарсы соғыстағы ерлігі суреттеледі. Бұл жырдың тарихи жағынан қызықты ешнәрсесі жоқ, онда қатысушы қаһармандардың аттары да мәлім емес. Бірақ, өлеңдері көркем, дыбыс әуезділігі күшті, жыр оқиғасы басынан аяғына дейін қызықтырып отырады. Әсіресе, көңіл

аударарлық бір жері: бірінші бөлімінде бас қаһарман жеңіліске ұшырап, жаралы халде жау қолынан өлуі деуге болады. Сонынан Көкшенің ұлы Ер Қосай Қыпшақтардан әкесінің кегін алады. Бұл жырда өткен дәуірдегі дала жауынгерлерінің барлық стратегиясы мен тактикасы толық баяндалады»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, Шоқан эпостық жырларды жан-жақты қамтып, терең де жете талдауға тырысты. Сонымен бірге оның кейбір эпостық жырларды зерттеп бағалауда жаңсақ басқан мезеттері де бар.

Шоқанның әдебиет туралы пікірлері оның жоғарыда аталған «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» деген еңбегінде де ұшырасып отырады. Мұнда ол шамандық аңыздарда ислам дініндегідей мифологиялық адасулар жоқтығын және мұның өзі қоғамдық жайларға, қоғамдық заңдарға кең өріс беретіндігін атап көрсете келіп, былай деп жазды: «Ислам дінінде өлімнен қашу күна болып саналатын болса, өлімнен, ажалдан қашушылық шаман дініндегі халықтардың ертегілері мен аңыздарының бір негізгі арқауы болып есептеледі. Қазақ бақсыларының тұңғыш бақсы Қорқыт туралы айтатын бір аңызы бар: оларды қобыз тартып, сарын салуға сол үйреткен. Тіпті мұсылманшылыққа көбірек бой ұрған түрікпендерде Көрұғлы аз уақытқа болса да ажалдан бой тасалап қашады. Сондықтан өлім жөніндегі көктің құдіреті шаман дініндегілердің ұғымы бойынша тағдырға жақын бола тұрса да, олар оған бағынбай, одан қалай да болса

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904. стр. 225.

қашып құтылуға тырысқан, сөйтіп... Мұхамбет дініндегілердің тағдыр дейтініне бас игендей бағына бермеген»<sup>1</sup>. Бұл пікіріне дәлел ретінде ол «Өлі мен тірі және олардың достығы туралы аңызды» мысалға келтіріп, соның желісін баяндап береді. Осы еңбегінде ол қазақтардың космологиялық ұғымдарына байланысты туған аңыздарды да мол келтіреді және солардың кейбірін монғолдардың аңыздарымен салыстырады.

Халықтың сөз өнері туралы аяқталмаған мақаласында Шоқан жыршы ақындардың жайына да тоқталады. Ол импровизатор-ақындарды екі топқа бөледі. Байлар мен билерге жарамсақтанып, жанын жалдап, тілін безеген ақындар барын айтты. Шоқан байлар мен билерді дәріптейтін ақындардың ұсақ-түйекке құнын сататындығын айта келіп былай дейді: «...Мұндай ақынның өз бағыты, өзіндік қасиет сезімі жоқ, ол өзінің ақындығын көрінген байға жағымпаздануға жұмсайды. Оның сондағы көздеген мақсаты бір жапырақ қызыл шұға және сол сияқты бірдене алу. Байды мақтау үшін ол оны жапырағы жайқалған терекке, қарагайға теңейді... Қайыршыдай киінген онда рух асқақтығы және тақаббарлық жоқ... Ол өзінің дарындылығын қандай сұлтандардан болса да асып түсетін қасиет деп қарамайды. Қайта дарындылық өз бойына ат-шапан табу үшін біткен өнер деп қарайды».

Ал осындай байларды жақтайтын мүләйім, бейшара ақындарға Шоқан халықтың мүдде-

---

<sup>1</sup> Шоқан Валиханов. Избранные произведения. 1958, стр. 168.



сін жырлаған ақындарды қарама-қарсы қояды. Мұндай ақындар жөнінде Шоқан: «Олар халық арасында зор құрметтеледі және өздерінің суырып салма жырларын қазақтың ойын-сауықтарында, ас беретін уақыттарында, ат шабыстырған той-жиындарында айтады»,— деп бағалайды.

Шоқан өзі жоғары тұтқан осындай халық ақындарының шығармаларын жинаумен әсіресе көп шұғылданды. Г. Н. Потанин өзінің естелігінде Шоқанның атақты Жанақ ақын жайында көп мағлұмат жинағанын айтады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір вариантын Шоқан сол Жанақ ақыннан жазып алған. Ол Жанақ ақынның шыққан тегі, өскен ортасы, импровизаторлық өнері жайында айта келіп, оның дәстүрлері кейінгі ақындарға үлгі екендігін де көрсетеді: «Жыр үлгісіндегі өлең және әнді қобызбен айту дақты импровизатор Жанақ жыршы өлгеннен кейін салттан шыға бастады. Қазіргі импровизатор, ақындар оның жыр үлгісін және импровизациясын... қайталайды. Оның өлеңін, айтыс үлгісін қазіргі қарауылдың Орынбайы, соқыр Шөже ақындар дамытып отыр. Бірақ кейінгі ақындар негізінен екі шекті домбырамен айтады»<sup>1</sup>.

Сөйтіп, өз кезіндегі импровизатор ақындардың, жыршылардың шығармаларын салыстыра зерттей отырып, Шоқан қазақ әдебиетінде екі түрлі бағыт барын тұңғыш рет айтты және халықтық бағыттағы әдебиетті аса жоғары бағалады.

Шоқан қазақтың ауыз әдебиеті мұраларын

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. 1904. стр. 226.

жинап бастырып, оларға талдау жасаумен бірге теориялық пікірлер айтуға да талпынды. Ол қазақтың поэзиясын: өлең, жыр, жоқтау, қара өлең, кайым өлең деп бес жүйеге бөледі. Бұл ретте ол қазақ өлеңі құрылысының өзіндік, ішкі ерекшеліктерін ескермей, оның кейбір сыртқы белгілерін ғана негізге алады. Бірақ, проф. Қ. Жұмалиевтің дұрыс атап көрсеткеніндей, «Әдебиет теориясымен байланысты пікіріндегі кейбір кемшіліктері үшін біз Шоқанды кіналай алмаймыз. Өйткені, Шоқан әдебиеттің теориялық мәселелерін жеке мәселе етіп, оны зерттеуді мақсат етіп қоймаған. Бұл жөніндегі пікірлері көбіне басқа мәселелермен байланысты, сөз арасында айтылған өзінің алғашқы бақылаулары ғана деуге болады.

Бірақ аз да болса, Шоқанның ол жөнінде пікір айту фактісінің өзі бүгінгі біздер үшін өте керек. Өйткені, ХІХ ғасырдың бас кезінде қазақта қандай өлеңнің түрлері бар екендігі жөнінде өз кезінің оқымысты адамының бақылаулары қазіргі зерттеушілер үшін құнды мәлімет болып есептелінеді»<sup>1</sup>.

Шоқанның поэзияны, ақындар мен жыршылардың өнерін жоғары бағалағаны оның замандастарының естеліктерінен де анық байқалады. Мысалы, И. Ибрагимов өзінің естелігінде Шоқанның Петербургтан туып-өскен аулына қайтып оралған сапарын, сағынған ата-анасымен қалай қауышқанын айта келіп, одан әрі Шоқанның Орынбай ақынның жырын

---

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. Оқу құралы. ІІ бөлім ОҚБ. 1950. 18-бет.

қалай тыңдағанын бейнелейді. «Көп кешікпей Шоқан өзіне тігілген отауға барды,— деп жазады Ибрагимов,— оның отауының жанында қазақтың белгілі суырып салма жыршысы Орынбай отыр. Қолында домбыра. Алқа-қотан отырған жұрт...

Шоқан жыршыға қазақ тіліне татар сөздерін араластырма, татар тілінен қазақ тілі әлдеқайда шешен, өтімді дегенді айтты.

Қазақтардың ән-жырын, ертегілерін Шоқан ұзақ кештер бойына тапжылмастан тыңдаушы еді. Таңертең кеш тұратын. Шай ішпей, қымыз ішетін...»<sup>1</sup>.

Өз халқын, оның сөз өнерін аса қадір тұтқан Шоқан халықтың жақсы салты мен ғұрпын да жоғары бағалаған. Осы орайда Ибрагимов Шоқанның бір ауылдағы «қызойнақта» болғанын соншалықты тартымды, әсерлі суреттейді.

Шоқан туысқан қырғыз халқының әдебиеті жайында да көптеген құнды пікірлер, байсалды топшылаулар айтты. Ол «Қырғыздар» атты көлемді зерттеуінің «Қолтума сөз өнері» деген тарауында қырғыз халқының ауыз әдебиетін үш жікке бөледі: 1) ертегілер, 2) эпостық жырлар (батырлық сагалар), 3) өлеңдер. Соңғы топқа ойын-тойда айтылатын өлеңдер мен тұрмыс салт жырлары жатады.

Қырғыз халқының атакты эпосы «Манасты» алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, ол жайында тұңғыш рет пікір айтқан да Шоқан. «Манас» жайына Шоқан өзінің «Жоңғария очерк-

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов в воспоминаниях современников.* Казгосиздат. Алма-Ата, 1964. стр. 111—112.

терінде», «Ыстыккөл сапарының күнделігінде» және жоғарыда аталған «Қырғыздар» атты көлемді еңбегінде бірнеше рет қайталап ора-лады.

Ғалым «Манасты» тұтас бір халықтың эн-циклопедиясы деп талдай келіп, оны сахара «Иллиадасы» ретінде бағалайды. Шоқан «Ма-нас» эпосына жалпы сипаттама берумен ғана шектеліп қалмай, оның басты кейіпкерлерінің образдарына талдау да жасайды. Эпостағы баяндалатын оқиғаларға қырғыздармен бірге басқа да бірсыпыра халықтар араласатынды-ғын және мұның тарихи себептерін де өз наза-рынан қағас қалдырмай байсалды түрде ашып береді.

«Манас» эпосының «Көкетай ханның өлімі және оған берілген ас» деген тарауын Шоқан орыс тіліне аударады. Бұл аудармасынан да оның қырғыз эпосының ерекшеліктерін жіті аңғарып, жете игергені және халықтың қалың бұқарасына іш тартып отыратындығы анық байқалады.

Жалпы алғанда, қырғыз әдебиетінің әр-алуан нұсқаларын жинап зерттеуі, олар жа-йында ой-пікірлер айтуы — Шоқанның ғалым ретіндегі ізденістерін ғана аңдатып қоймайды, сонымен бірге оның туысқан қырғыз халқына деген татаусыз ықласын, шын пейілін де қоса танытады.

Қорыта айтқанда, Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинады және олар-ды басқа елдердің әдебиеттерімен, әсіресе орыстың ауыз әдебиетімен байланыстыра, ғы-лыми негізге сүйене отырып, демократиялық принциптер тұрғысынан қарап терең талдады.

Сөйтіп, Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылымның незігін салушы болды.

Шоқан шын мәнісіндегі көркем шығармалар жазған жоқ. Бірақ ғалымның толып жатқан зерттеу еңбектерінен, әсіресе саяхаттарының күнделіктерінен олардағы табиғат суреттерінен оның тілінің молдығы, суреттілігі айқын көрініп отырады. Бұл ретте Г. Н. Потаниннің: «Қазақтан оқушысы болғанда, Шоқан өз халқының данышпаны болатын еді, өз халқы әдебиетінің өркендеуіне негіз салған болар еді»<sup>1</sup>,— деген пікірі орынды да әділ екендігі даусыз.

\* \* \*

Шоқанның бізге қалған мұрасының өзгеше әрі едәуір бір бөлігін оның орыс достарымен жазысқан хаттары құрайды.

Қазақ ғалымының Ф. М. Достоевскийге, А. Н. Майковқа, Н. К. Гутковскийге, Г. А. Колпаковскийге жазған хаттарынан оның әлеуметтік көзқарастары, ой-армандары, рухани келбеті, гуманизмі әсіресе анық танылады. Сонымен бірге бұл хаттардан Шоқанның өткен ғасырдың 60 жылдарындағы Россияның саяси-әлеуметтік өміріндегі озық көзқарастармен таныс болғаны және соларды өзінің де бекем ұстанғаны байқалады.

Орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевскиймен достық қарым-қатнаста өткізген шағы — Шоқан өмірінің еңбір жарқын кезеңі екені жоғарыда айтылды. Бұған еңалдымен

---

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Соч. 1904. стр. 34.

олардың өзара жазысқан хаттары анық айғақ.

Бұл хаттардан Шоқан мен Достоевскийдің бірін-бірі аса қатты қадір тұтқаны көрінеді, олардың шын, таза пейілі сезіледі. Шоқан орыс досына өзінің хал-жайын, көңіл сырларын айтып, ақыл-кеңес сұрайды. Оның бұл сұрағына Ф. М. Достоевский зор сезімталдықпен жауап береді: «...Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ендеше, мен туралап-ақ айтайын, мен сізді жанымдай жақсы көремін. Мен сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе туған аға-інімді де жақсы көрген емеспін... Сіз менен өзіңіздің қызметіңіз жөнінде және жалпы жағдай жөнінде ақыл сұрайсыз. Менің ойымша: істеп жүрген жұмыстарыңызды тастай көрмеңіз. Сіздің материалдарыңыз көп. Қазақ даласы жайында мақала жазыңыз... Қазақ даласының не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндіріп беруші ең бірінші қазақ болу дегеннің өзі нағыз ұлы мақсат емес пе, ең ардақты іс емес пе, оның бер жағында орыстар арасында өз Отаныңыздың ағарту жолындағы іздеушісі болуыңыздың өзі қандай игілікті іс. Европаша толық білім алған ең бірінші қазақ екеніңіз есіңізде болсын. Оның үстіне тағдыр сізге адамгершілік қасиеттер беріп, Сізді асқан тамаша адам етіп шығарды»<sup>1</sup>.

Достоевский мен Шоқанның арасындағы достық қарым-қатынастар бірнеше жылға

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 1949. 125—127-беттер.

созылған. Орыс жазушысы қазақтың тұңғыш ғалымының ғылыми қызметіне көңіл бөліп, қадағалап отырған.

Сондай-ақ, 1861 жылғы реформадан кейін Достоевский патшалық құрылысқа қарсы күрес идеясынан бас тартып, мистицизмге ауытқығанда Шоқанның оған сын көзімен қарағанын атап айтуға керек. А. Н. Майковқа жазған хатында ол бұл жөнінде былай деп жазады: «Енді сіздер туралы, Петербург туралы, менің Петербургтық достарым жайында сөйлеселік. Достоевскийлер не істеп жүр? Өздері хатты сирек жазатын болып кетті, оған шынын айтқанда өзім де кінәлімін, өйткені жауапты сирек қайтарамын. Олардың журналының халі қандай? Журналымыз бұрынғыша шыға береді деп жариялауына қарағанда, жақсы болуы керек. Өз арамызда айтқанда, мен солардың почвасын, халықшылдығын жөнді ұғына алмай жүрмін, біресе славяншылдық исі шығады, біресе шектен асқан батысшылдық исі шығады, ал екеуін үйлестіру жағы көрінбейді немесе бұл үйлестірудің өзі олардың қолынан келмей жүр. Менің ойымша екінің бірі болу керек қой: не батыстың үлгісімен негізінен қайта құру керек, не ескіні ұстанып қалу керек, ең арғысы тіпті ескі діннің өзін де пайдалану керек. Қытайларша екінің бірін ұстанбай, әредікте қалудың енді жөні жоқ»<sup>1</sup>. Бұл сөздерден Шоқанның саяси көзқарастар мен иланымдарды барлығынан да жоғары қойғаны анық көрінеді.

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары, 1949. 131-бет,

Достоевский Шоқанмен бірге болған кезінде де, айрылысқан жылдарда да оның өзінің де, халқының да жанашыр жақыны, татаусыз досы болып қалды. Ол Шоқанның ғылыми қызметін, ізденістерін бақылап, оның тағдыры жайында әрдайым ойлана, еске ала жүрген.

Шоқан мен Достоевскийдің достық қарым-қатнастары Б. Герасимов, А. Г. Достоевская, А. Е. Врангельдің естеліктерінде де жарқын суреттелген. Осы Врангельдің естелігінде айрықша қызғылықты бір мағлұмат бар. Ол Шоқанның Парижде болғандығы жайында. «Уәлиханов мейлінше тәрбиелі, ақылды әрі білімді адам көрінді. Маған ол өте қатты ұнады. Достоевский де оны көргеніне мәз-майрам болды. Кейінірек мен оны Петербургта және Парижде кездестірдім»<sup>1</sup>, — деп жазады Врангель. Петербургтан Парижге жүрмек ойы барын 1860 жылғы 4 ноябрьде әкесіне жолдаған хатында Шоқанның өзі де айтады.

Гейнс, Губарев, Пантусов, Остен-Сакен, Мушкетов, Пыпин, Плотников, Веселовскийлердің хаттары мен естеліктерінде де азамат-Шоқан, ғалым-Шоқан жайында аса қымбат деректер, ой-пікірлер бар. Солардың ішінде Шоқан шығармаларының 1904 жылғы жинағының редакторы Н. И. Веселовский естелігінің, онда ғалым-Шоқанға берілген бағаның қадір-қасиеті әсіресе мол.

Шоқанның орыс достарына жазған хаттарының ішінде оның Петербург университетінің профессоры А. Н. Бекетовке жолдаған хаты

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов в воспоминаниях современников.* Қазгосиздат. Алма-Ата. 1964. стр. 84.



ерекше назар аударады. Бұл хат соңғы жылдарда табылып жарияланды.

А. Н. Бекетовқа жазған хатынан Шоқанның орыс халқының данышпан ғалымы Д. И. Менделеевпен жақсы таныс болғаны байқалады және оның өзінің ғылыми қызметінің де әралуан қыры анық аңғарылады. Ол былай деп жазады: «Андрей Николаевич, құдай үшін, қоғамнан сұрап, қырда жатқан маған барометр, психометр және бірнеше термометр жіберіңізші, мен тұрған жер өте нашар зерттелген, ал ауа райы жөнінен тек Верный туралы ғана аз-маз мағлұмат бар. Менің қырдағы жұмысым жақсы жүріп жатыр. Мен көптеген ертегі, дастан, өлеңдер жинадым, қазір қазақтардың Шыңғыс ханның жарлығына байланысы бар заңдарын зерттеумен шұғылданып жүрмін»<sup>1</sup>. Осы үзіндіден Шоқанның Сырымбет төңірегіндегі ауа райын зерттемек болған талабы аңғарылады. Ал Шоқанның Бекетовқа қуаныш сезімімен хабарлап отырған аса көп материалдардың біразы жоғалып кеткен. Тіпті, бұдан да Шоқанның мейлінше жемісті, толассыз еңбек еткені байқалады. Шоқанның өз қолымен жазылған әрбір жолы, әрбір сөзі зерттеушілер мен жұртшылық үшін аса қымбат болып отырған жағдайда бұл хаттың ғалым мұрасын зерттеуде едәуір септігі тиетіндігі күмансыз.

Жалпы алғанда, орыс достарына жазған хаттары Шоқанның өмір бейнесін, рухани келбетін, ой-армандарын, әлеуметтік көзқарастарын біртоға тереңдете түседі.

---

<sup>1</sup> *Чокан Валиханов. Избранные произведения*, 1958, стр. 554.

Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің даму тарихында Шоқан Уәлихановтың алатын орны ерекше. Ең алдымен, Шоқан қазақ халқының тарихындағы өзінің белгілі ғылыми еңбектерімен аты шыққан тұңғыш ғалым. Оның тарих, географиялық, этнографиялық және әдеби зерттеулерінің маңызы, құндылығы әлі де болса жоғалған жоқ.

Шоқан өткен ғасырда-ақ өз халқының келешегін дұрыс болжап оны ұлы орыс халқына, оның озық мәдениетіне жақындату үшін күресті. Сөйтіп, ол орыс және қазақ халықтарының арасындағы қалыптасқан достықты жоғары бағалады және өзі осы қасиетті достықтың үміткер де жалынды жаршысы болды.

Өзі үстем тап арасынан шықса да, Шоқан — езілуші көптің қайғысына ортақтасып, олардың мүдделерін қорғаған, солар үшін аянбай күрескен тұңғыш демократ. Азапты өмір жолын кешкен, өз халқын жүрегінің бар жалынымен сүйген, оның прогреске, жарыққа ұмтылып, алға қарай дамуын қалаған, мәдениетті ел болуын аңсаған ағартушы Шоқан халықты түнек пен надандық торында ұстаған ескілік атаулының бәріне қарсы шықты. Әлеуметтік теңсіздікті, керітартпа ислам дінін, ортағасырлық тоғышарлық пен мешеулікті бүкіл шығыста тұңғыш аяусыз сынаушылардың бірі Шоқан болды.

«Қазақ сахрасының шам-шырағы» атты естелігінде Ядринцев Шоқанның ең үлкен мақсаты — өз халқының жай-күйін зерттеу, оны орыс халқымен таныстыру болғанын және халыққа білім беру міндетін көздегенін айтады. Бұл айтылғандар Шоқанның өз еңбектерінде-

гі түбегейлі ойлармен де орайлас түсіп отырады.

Шоқанның нысана еткен арманы мен идеялары өзінен кейінгі данышпан Абай мен Ыбырайдың шығармаларында, әлеуметтік қызметінде дамып, тереңдей түсті.

1865 жылы Орыс географиялық қоғамының Шоқанды еске түсіруге арналған жалпы жиналысында П. П. Семенов-Тянь-Шанский қазақ ғалымының еңбегі жайында айта келіп, былай деген еді: «Уәлиханов еңбектерінің қоғамның басылымдарында жарияланған үзінділері Орта Азия мемлекеттерінің және әсіресе қазақ халқының географиясына, тарихы мен этнографиясына байланысты ол жинаған мол әрі бай материалдарды тіпті де қамтымайды. Бұл материалдарды жинау үшін Уәлиханов еңбегін де аяған жоқ, құрбандықтарға да барды, өз халқының ертегілерін, аңыздары мен поэмаларын байыптылықпен жазып алды, ортаазиялық тілдерді зерттеді, жергілікті халықтардың ескі жұрттар мен молалардан тауып алған байырғы нәрселерін қымбат бағамен сатып алып отырды, өмірін катерге тігіп будда монастырьларына кіріп, олардан сирек кездесетін қолжазбалар тапты. Біз аса бағалы бұл материалдардың ғылым үшін жоғалып кетпейтіндігіне сенеміз»<sup>1</sup>. Шоқанның тамаша досының бұл сөздері біздің дәуірімізде шын мәнісінде жүзеге асты.

Шоқан туған халқын жан-тәнімен сүйген жалынды патриот еді. Өзінің болашағын ойлап толғанған қамқоршысы, адал ұлы Шоқанды

---

<sup>1</sup> Отчет ИРГО за 1865 г. Спб. 1866. стр. 11.

халқы да аса жоғары бағалады. Бұл жайында ғалымның жолдастарының бірі Ядринцев былай дейді: «...Қазақ сахрасындағы шалдармен әңгімелесіп Шоқанды еске түсіргенде олардың аппақ сақалдарын ыстық жаспен жуып егілетіндігін өз көзімізбен көрдік. Шоқан өз елінің әрі мақтанышы, әрі сүйікті перзенті болатын. Елі жұртының жадында ол дәл сол қалпында сақталып қалды да»<sup>1</sup>. Бұл сөздер туған халқы Шоқанды қалай сүйіп, қаншалықты ардақ тұтқанын соншалықты әсерлі сездіреді.

Өз заманының ең ірі, алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің бірі, ұлы ғалымы, асқан ойшылы, өз ғасырының ұлы перзенті болған Шоқан біздің дәуірімізге, біздің буынға да етене жақын, бізбен замандас.

---

<sup>1</sup> Чокан Валиханов в воспоминаниях современников. Қазгосиздат. Алма-Ата, 1964, стр. 96.